## ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: «Балауса Балғын» бөбекжайы» ҚМҚК
Топ: «Жұлдызша» кіші тобы
Балалардың жасы: : 2 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі: 01.04 - 05.04.2024ж.

| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|---|
| | 01.04. 2024 | 02.04.2024 | 03.04.2024 | 04.04.2024 | 05.04.2024 |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "2-3 жасар балалар үшін үстел ойындарын таңдау ерекшеліктері", "Ойыншықтардың материалдары мен сапасы", "Ойыншықтар не үшін керек?". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Балаларға табиғат бұрышындағы өсімдіктерді суару не үшін қажет екенін айтқызу; балалардың сукүйғышты ұстап, өздігінен суаруларын қадағалау; өсімдіктердің гүлдегенін байқату. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, уқалау қадағалау; өз орамалын тауып, сүртіп, орнына іле білуге дағдыландыру; қолының тазалығын байқауға ынталандыру, мақтау. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарды өз еркімен алып, өзге баламен бөлісіп, алмасуға ынталандыру; ойын әрекеттерін жасауды қадағалау; ойнап болғаннан кейін ойыншықты өз орнына жинау әдебін бекіту, мақтау; ойнамау себебін айтуға үйрету ("ойнап болдым"). | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Үстел ойындары сөресінің шаңын сүртуге ынталандыру, ойыншықтармен тазалықта ойнау туралы түсіндіру; ойыннан кейін ойыншықтарды сөреге тізімдеп қоюға, ұсақ бөлшектерді өз қораптарына сала білуге дағдыландыру; әрекеттердің барысын қадағалау, мақтау. | **"Еңбекке баулу"** **Мақсаты.** Табиғат бұрышындағы өсімдіктердің жапырақтарын сумен бүрку үлгісін көрсету; жапырақтардың таза болғанын байқату. |
| | **Құрылыс материалдарынан құрастыру жаттығуы. "Зымыран".** Мақсат-міндеттер. Балаларды текшелер, | **«Зымыран» жаттығуы (құрылыс материалдарынан)** Мақсат-міндеттер. Балаларға зымыранды текшелерден, | **Тақпағын өлеңін мәнерлеп оқу.** Аспан, аспан, арайлым! Саған жиі қараймын, Сені көзбен шоламын, Мен ғарышкер | **«Суретті жина» дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: кескіндерден тұтас суретті құрастыруды үйрету. | **Ритмикалық жаттығу** Біз зу-зу ұшақ боламыз (саусақтарды жоғары-төмен қозғау), Моторды қыздырып |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | призма және цилиндр құрылыс материалдарынан зымыран құрылысын жасауға дағдыландыру; жасалған әрекетінен жағымды әсер ала білу қабілетін дамыту. балаларға зымыранның құрылыс үлгісін көрсетеді, көркем сөзді оқып береді; балалардың бірі құрылысты жасап болғаннан кейін тақпақты қосылып оқи алады.<br>Биік-биік көк аспан,<br>Көк аспанда сұр қыран.<br>Қараннан да озады<br>Ғарыштағы зымыран.<br>Зуылдайды тыныштықта,<br>Басы үшкір, бұрыштай,<br>Күміс түсті денесі<br>Жылтырайды қылыштай.<br>**(сөйлеуді дамыту, сенсорика, қоршаған ортамен таныс у)** | призмалардан және цилиндрлік құрылыс материалдарынан құрастыра білуге баулу; жасалған жұмыстан жағымды әсер алу қабілетін дамыту. балаларға зымыран құрастырудың үлгісін көрсетеді, көркем сөз оқиды; балалардың бірі құрылыс жасағаннан кейін өлең оқи алады.<br>«Зымыранды ұшыру» ойыны<br>Зымыранды ұшырамыз «У-у-у»<br>Моторын қос «Р-р-р»<br>Мотор от алды «У-у-у»<br>Ғарышқа ұштық «Ж-ж-ж»<br>**(сөйлеуді дамыту, сенсорика)** | боламын!<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | Шарты. Қиылған бөліктерден тұтас суретті құрастырады және атауын атайды.<br>1. ғарыш<br>2. жұлдыз<br>3. зымыран<br>4. ай<br>5. планета<br>6. күн<br>**(сөйлеуді дамыту, сенсорик)** | аламыз (кеуде алдында бүгілген қолдарды өзара айналдыру).<br>Қанатты түзу жайып (қолдарды екі жаққа тік жаю),<br>Аспанға биік ұшамыз (екі қолды жайып, ойын алаңында жан-жаққа жүгіріп "ұшу") -Зуууу! Зуууу!<br>Балалар тәрбиеші соңынан әуен ырғағына, сөздерге сай қимылдайды.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>1. Бастапқы қалып: жерде аяқтың арасын ашып отырып, орамалды ұшынан екі қолмен ұстау;<br>1–1 орамалды жоғары көтеріп, тізеге қою;<br>1–2 бастапқы қалыпқа келу (4-5 рет қайталау).<br>2. Бастапқы қалып: тік тұрып, аяқты иық деңгейінде қою, орамалды екі ұшынан екі қолмен ұстау;<br>2–1 еденге еңкейіп, орамал ұстаған қолды еденге тигізу;<br>2–2 бастапқы қалыпқа келу (3-4 рет қайталау); | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 3. Бастапқы қалып: тік тұрып, аяқты иық деңгейінде қою, орамалды екі ұшынан екі қолмен ұстау;<br>3–1 бір аяқты жоғары көтеріп, тізені бүкпеуге тырысып, орамал ұстаған қолға жақындату; екінші аяққа да осы жаттығу қайталанады.<br>3–2 бастапқы қалыпқа келу (3-4 рет қайталау);<br>4. Орамалды бір қолға ұстап, бірінің артынан бірі жүгіру.<br>Бірінің артынан бірі жай жүріп, орамалдарды орындарына қою.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Баланың тамақтануы кезінде баланы қолдайтын жағымды көңіл-күй тудыру. Балалардың беті - қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстыру. Қасық, шанышқыны дұрыс қолдануға үйрету. Ас-су ішкенде сөйлемеу. Тамақтанып болған соң "рақмет" айту. Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақандарымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сүрту.<br>*Көркем сөз*<br>Су-өмір жүрегі<br>Денсаулық тірегі.<br>Шөлдесең , қанасың.<br>Жуынсаң, тазасың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылары, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.<br>Ғарышкер боламыз,<br>Дос тауып, жұптасамыз.<br>Ғарышқа ұшамыз,<br>Алыс жұлдыздардан асамыз.<br>Алақай!<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Ғарышқа алыс самғайық!"<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды секіріп, жоғарыдағы затқа қолды жеткізуге үйрету; жоғары секіру кезінде денені кеңістікте ұстай отырып, көздеген нысанадағы затқа жете | **Дене шынықтыру**<br>"Ғарыш шегіне жетейік".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды баскетбол доп салғышына жоғары секіріп, қолды жеткізуге және жоғары секіру кезінде денені кеңістікте ұстай отырып, көздеген нысанадағы затқа жете | **Дене шынықтыру**<br>"Ғарыш әлемінде".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды сапқа тұрғызып, бірінің артынан бірін қолдарындағы түрлі-түсті жалаушаларын желбіретіп жүргізу, шашырай жүгіріп кіру жаттығуларын орындату; балаларға | **Сенсорикадан ойын-жаттығу**<br>"Әдемі кілем".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды салт-дәстүр ерекшеліктерімен таныстыра отырып, оқу қызметінде орындалатын біркелкі заттарды ортақ сенсорлық сипаттары мен көлеміне және түсіне сәйкестендіру | **Сенсорикадан ойын-жаттығу**<br>"Ғарыштағы бояулар".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды геометриялық пішіндерге жатпайтын пішіндер мен кескіндердің қасиеттерін ажырата білуге үйрету; әртүрлі заттардағы түстер |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | білуге машықтандыру; өз дене мүшелерін игере білу қабілетін қалыптастыру. Балалардың секіріп, жоғарыдағы затқа қолды жеткізу қабілетін дамыту; жоғары секіру кезінде денені кеңістікте ұстай отырып, көздеген нысанадағы затқа жете білу дағдыларын меңгерту; жоғары секіруде қол, дене, аяқ бұлшық еттерін жетілдіру; секіру кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтай білуге үйрету. | білу техникасын пысықтау; көздеген нысанадағы затқа жетуде епті, жылдам, шапшаң болуға тәрбиелеу. | арналған баскетбол доп салғышына жоғары секіріп, қолды жеткізуге және жоғары секіру кезінде денені кеңістікте ұстай отырып, көздеген нысанадағы затқа жете білу техникасын жетілдіру; ғарыш әлемі және ұшқыш туралы білімдерін толықтыру. | қабілеттеріне үйрету; геометриялық денелер мен пішіндердің ортақ қасиеттерін байқап, атауға дағдыландыру; кілем туралы қысқаша түсінік беру. | сәйкестігін байқап, топтауға дағдыландыру; бірнеше түстердің қосындысы нәтижесінде жаңа түстердің пайда болуын байқау қасиетін қалыптастыру. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Адамның жүру және секіру қимылдарын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер. Балалардың назарын адамның жүруі және секіруінің қимыл ерекшеліктеріне аудару; қимылды жаттығулардан жағымды әсер алуға тәрбиелеу. - Кел, балақай, қатарға, | **Қоян ойыншығын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер. Балалардың көңілін қоянның сұр терісінің түсінің басқа түске өзгеру құбылысына аудару, қоянның ұзын құлағы, қимылдары туралы ұғымдарын бекіту; айтылған көркем сөздерді естіп, қоянның қимылының | **Топырақты бақылау. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** Мақсат-міндеттер. Балаларға топырақтың дымқыл не құрғақ болғанын көрсету, жалпы ұғымдарын қалыптастыру; құрғақ жермен жүруді ұсыну. дымқыл топыраққа табанын басып, балаларға табанға балшықтың | **Желді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер. Балаларды, бұтақтарға қарап, желдің болғанын байқауға үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. - Балалар, ағаштарға қарандаршы. - Бұтақтары шайқала ма? - Бұтақтары шайқалғаны нені білдіреді? | **Бұлтты аспанды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер. Балаларға күн райының бұлтты болуы туралы ұғымдар беру, аспанның түсі көгілдір емес, сұр екенін байқату, бұлттардың сұр болса, жаңбыр жауы мүмкіндігін туралы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Біз шығамыз сапарға.<br>Сап түзеп, алға жүріп,<br>Көңілді шапалақ соғып.<br>- Алақай! Алақай!<br>- Балалар, біз қазір қандай қимылдар жасадық?<br>сұрақ қойған сайын, қимыл үлгісін көрсетіп жатады.<br>- Жарайсыңдар! Біз алдымен жүрдік, одан кейін секірдік.<br>- Біз бір аяқпен секірдік пе?<br>- Біз екі аяқпен секірдік. Жарайсыңдар!<br>- Олай болса, жүріп те секірейікші.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:**<br>балаларды сұхбатхананы тазалауға шақыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер:<br>балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Құлыншақтар" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. | соңынан еліктеуге ынталандыру, жасалған жаттығудан жағымды әсер ала білу қабілетін дамыту.<br>қоян ойыншығын көрсетіп, оның сыртқы сипатын байқатады.<br>- Балалар, біздің қонығымызды таныдыңдар ма? Бұл не?<br>- Жарайсыңдар, бұл қоян.<br>- Қоянның ұзын құлақтары бар.<br>- Қоян құлықтарымен қалай қимылдайтынын көрсетейікші.<br>- Қоян қалай секіретінін көрсетейікші.<br>Жарайсыңдар!<br>- Барлығымыз көрсетейікші.<br>Жарайсыңдар!<br>- Қарандаршы, қоян, бізді ойынға шақырады.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:**<br>балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы құмнан тазалауға шақыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: | жабысқанын көрсетеді.<br>- Балалар, біз дымқыл жерді басып жүрсек, табанымыз кірлейді. Абайлаңдар! Құрғақ жермен жүрейік.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:**<br>балаларды құмның бетін ағаштан түсіп қалған ұсақ қоқыстардан тазалауға шақыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер:<br>балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; тазалық әдетін дамыту.<br>**"Сағаттар" қимылды жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды белгілі қимылдарды жасауға жаттықтыру; сигнал бойынша сапқа жиналып, педагогтің соңынан жүру дағдыларын жетілдіру, кеңістікті бағдарлауға үйрету; сағаттың жүрісі туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру, | - Иә, жел соғып тұр.<br>- Жарайсыңдар.<br>"Көктем тойын бастады".<br>Төнді балқып күн қызып,<br>Жылу алды көктен жер<br>Қардың астын су бұзып,<br>Есті жылы өкпек жел.<br>М. Жаманбалинов<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:**<br>балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер:<br>балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалықты сақтауға деген қызығушылықты арттыру; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Үйректің балапандары мен күшік" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды ойын желісін түсініп, кейіпкерлерге еліктеп қимылдуға үйрету; жүгіру және секіру дағдыларын жетілдіру.<br>Тәрбиеші балаларға кейіпкерлердің таңбалауыштарын | байқату.<br>- Аспанды тез бұлт алды,<br>Ақ жаңбыр бір тыңбайды.<br>Енді талдың бұтағы<br>Бұрасаң да сынбайды.<br>М. Достанов<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:**<br>балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы құмнан тазалауға шақыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер:<br>балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Күн мен жаңбыр" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың "күн" және "жаңбыр" сигналды сөздер арқылы қимылдай білу қабілеттерін дамыту; жаңбыр құбылысы туралы білімдерін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балаларды құлыншақтардың қимылдарына еліктеуге машықтандыру; сигнал бойынша жан-жаққа бағыттау немесе бір жерге топтасып жиналу дағдыларын қалыптастыру; бір-біріне соғылмай жүгіруге үйрету; жағымды эмоцияларға бөленуге тәрбиелеу.<br>Тәрбиеші балаларға құлыншақтың суретімен қалташаларды үлестіреді.<br>- Балалар, бүгін біз құлыншақтай қимылдайықшы.<br>- Құлыншақ шабады. Қарандаршы.<br>құлыншақтың қимылдарын көрсетеді, балалар қайталайды.<br>- Жарайсыңдар!<br>- Ал, енді менің соңымнан тақпақты қайталап, құлыншақтай шауып көрейік.<br>"Құлыншақ".<br>- Құлын, құлын, құлыншақ,<br>Желкілдейді тұлымшақ.<br>Маңдайында жұлдызы,<br>Құйрығында құндызы. | балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Бері шыға ғой, қоян!" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың шеңбер бойымен жүріп, барлығымен топтасып, "Бері шыға ғой, қоян!" сөздерін айтып, көрсетілген қимылдарға еліктеу қабілеттерін жетілдіру.<br>**"Ирелеңдеген жолдармен" ойын жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: асфальт бетіне салынған (жерде жатқан арқан бойымен) ирелеңдеген сызықтардың бойымен жүруге жаттықтыру; арақашықты сақтауға баулу. | жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру.<br>балаларға сағаттың қимылын еркін тұрып орындауға, сигнал бойынша сапқа жиналып, жүруге шақырады, тақпақты оқи жүреді.<br>"Тик-так".<br>"Тик-так, тик-так,"<br>Жүрсін сағат.<br>Біз сағатқа ұқсап,<br>Жүреміз: "тоқ-тақ".<br>Д. Ахметова<br>Ойын бірнеше рет өткізіледі.<br>**"Ирелеңдеген жолдармен" ойын жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: ирелеңдеген жолдардың бойымен жүруге жаттықтыру; арақашықты сақтауға баулу. | үлестіреді.<br>- Балалар, үйрек суда жүзуді ұнатады, былай қимылдайды.<br>қолдарын сәл артқа салып, шағын адымдармен жүруді көрсетеді.<br>- Қанекей, қайталайықшы.<br>Жарайсыңдар.<br>- Ал, күшік қалай қимылдайды?<br>Көрсетіңдерші.<br>- Жарайсыңдар.<br>- Балапандар, балпаңдаңдар!<br>Басқа балапандардан қалмаңдар!<br>Қаңқылдаймыз, қаңқылдаймыз:<br>Қаңқ-қаңқ-қаңқ!<br>Қаңқ-қаңқ-қаңқ!<br>Ал күшігім жүгіреді,<br>- Ап-ап-ап! Ап-ап! - үреді.<br>- Сен, күшігім, соқтықпа!<br>Үйректерді қорқытпа!<br>Алғашында педагог күшіктің рөлін өзі атқарады. Балалар жан-жаққа қашады. Соңғы сөздер айтылғанда бір жерге жиналады.<br>**"Көлшіктен өт" қимылды жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: | қалыптастыру.<br>- Күн шықты – балалар ойнады.<br>- Күн тығылды – жаңбыр жауды.<br>**"Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда нысанаға (допты) дәлдеп ата білу, ептілік, мергенділік қабілеттерін дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | М. Жаманбалинов **"Өз орныңды тап" қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды сапқа (түзу сызық, жіп бойына) сигнал бойынша тізілуге, сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге дағдыландыру; зейінді болуға, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу. | | | балаларды бір орнынан ұзындыққа екі аяқпен алға секіре білу қабілетін қалыптастыру; тепе-теңдік, ептілік, көзбен мөлшерлеу сезімдерін дамыту. | |
| **Серуеннен оралу** | **Серуеннен кейін беті-қолды сумен тазалап жуу дағдысын бекіту.**<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Баланың тамақтануы кезінде баланы қолдайтын жағымды көңіл-күй тудыру. Балалардың беті - қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстыру. Қасық, шанышқыны дұрыс қолдануға үйрету. Ас-су ішкенде сөйлемеу. Тамақтанып болған соң "рақмет" айту. Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақандарымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сүрту.<br>*Көркем сөз*<br>Су-өмір жүрегі<br>Денсаулық тірегі.<br>Шөлдесең , қанасың.<br>Жуынсаң, тазасың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылары, көркем сөз)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | **Ұйқыашар жаттығулары.**<br>Керует жанындағы жаттығулар<br>"Құстар"<br>1. "Құстар оянды". Б.қ.: аяқты сәл алшақ қою. Қолдарды жан-жаққа созу, былғау – «құстар қанат қағып жатыр».<br>2. "Құстар достарын шақырып жатыр". Б.қ.: тұрып, қол белде, аяқ сәл алшақ. Оң жаққа, сол жаққа бұрылу, «Шиық-шиық» деп айту. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 3. "Құстар жем шұқып жатыр". Б.қ.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол төменде. Отыру, саусақпен еденді соғу, бастапқы қалыпқа келу.<br>4. "Құстар көңілденіп жатыр". Б.қ.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол түсірілген. Жүріспен кезектесіп, бір орында секіру.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас** | **"Қолды қалай дұрыс жуу керек».**<br>Сабынды қалай дұрыс ұстау, қолды сабындау, оны сүрту керектігін түсіндіру.<br>Тәрбиеші қолды не үшін жуу керектігі жайлы сұрақ қояды. Кейін шараның орындалу ретін айтады, түсіндірме жасай отырып көрсету: Алдымен сабынның жан-жағын сипалаймыз, кейін оны сабын салғышқа салып алақанымызды сипаймыз — бірі екіншісін, енді саусақтарды айқастырып "кірпі" жасаймыз. Артынан қолды қалай сүрту керектігін көрсету.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Саяхатшылар әні".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларға жиһаздар туралы түсінік беру; ойын арқылы жиһаздармен және оның түрлерімен таныстыру; жиһаз атаулары арқылы балаларды байланыстыра сөйлеуге дағдыландыру; жиһаздың күнделікті өмірдегі маңызы туралы ұғымдарын қалыптастыру. Балалардың жиһаз атаулары арқылы зейіні мен зеректігін, тілі мен есте сақтауын және байқағыштығын дамыту.<br>**Музыка жетекші жоспары б/ша жүреді** | **Аз қозғалмалы ойын «Таяқшадан өт»**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды серуендеуге, адымдауға жаттығу.<br>Бөлменің ортасындағы еденге екі таяқ параллель қойылады (1 м қашықтықта).<br>Бөлменің бір жағында орындықта жалаушасы бар орындық орналастырылған.<br>Балалар бөлменің екінші жағында. Бала таяқшалардан оларға қарай 2-3 қадам тұрады. Тәрбиешінің нұсқауы бойынша ол бірінші таяққа барады, алдымен оның үстінен, содан кейін екінші таяқтың үстінен адымдайды.<br>Орындыққа барып, жалаушаны көтеріп, жоғары көтеріп, | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Жұлдыздар".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды қылқалам түгін бояуға малып, "көк аспанды" қылқаламның ұшымен біркелкі қимылдар жасай отырып, нүкте қылып дақтар басып, толық бояуға үйрету; қылқалам түгіндегі бояудың бітуін байқап, бояуға қайта малуға жаттықтыру; қылқалам ізі ретінде пайда болып жатқан "жұлдыздарды" байқап, бос жерлерді қайта бояуға дағдыландыру; қылқаламды тіреушеге тіреп қою және тазалықты сақтауға баулу; жұлдыздардың түнде көрінетіні туралы түсініктер беру. | **Мүсіндеуден ойын-жаттығу**<br>"Сақина".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды ермексаздың бір бөлігінен домалатып, сопақшалап, таяқша илеп жаттықтырып, дайын таяқша ұштарын бір-біріне тигізіп қосуға үйрету; өз әрекеттерін белгілі жүйеге салуға дағдыландыру.<br>Балаларды түс пен пішінді қабылдауын, танымы мен зейінін дамыту. Балалардың жасалған мүсінге қуануға, өзінің еңбегінің нәтижесін бағалай білуге тәрбиелеу. | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Ұшақ".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды ұшақпен таныстыра отырып, оның басқа көліктерден маңызды айырмашылықтарын ажырата білуге үйрету; ұшақтың негізгі бөліктерін атауға дағдыландыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | толқынды оларды. Содан кейін ол жалаушаны орындыққа қойып, шегініп, орнына оралады. | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Тақпақты мәнерлеп оқу.**<br>Бір бұлт шықты бие болып,<br>Бір бұлт шықты түйе болып,<br>Бір бұлт шықты шошқа болып,<br>Бір бұлт шықты қошқар болып.<br>**Аделя, Мәди мен жеке жұмыс жасау (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **"Зымыран".**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Ермексаз кесегінен шарды илеу, бағанды есу, шымшу амалдарын игерту.<br>**Ерсұлтан, Салауат, Асылыммен жеке жұмыс жасау (мүсіндеу)**<br>**Артикуляциялық жаттығу.**<br>- Ыш - ыш, ғарыш.<br>- Ыз - ыз, жұлдыз.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **«Доппен ұшу» жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Тілін, сөйлеу ырғағын және мәнерлілігін айту процесінде сөйлеу тынысын дамыту; сөйлеуді қимылдармен үйлестіру қабілеті.<br>Құрал-жабдықтар: түрлі-түсті шарлар.<br>Балалар қолдарында шарлармен шеңбер бойымен қозғалады және мәтінді айтады:<br>Аспан, аспан арайлым,<br>Саған жиі қараймын.<br>Сені көзбен шоламын,<br>Мен ғарышкер боламын.<br>**Амелия,Айкөркем мен жеке жұмыс жасау (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **Ойыншық итпен ойнау**<br>Құрал-жабдықтар: ойыншық ит.<br>Тәрбиеші қолына итті ұстап:<br>Күшігім менің, күшігім,<br>Үй күзетер пысығым.<br>Үргені де шамалы,<br>Тамақ берсең болғаны.<br>Содан кейін ол итімен бірге әр балаға келеді, итті сипап, тамақтандыруды ұсынады. Бір кесе «қиялдағы» тағамды алып келеді. Бала итті тамақтандырады. Ит «жейді», «үреді» және «рахмет» айтады.<br>**Медина, Назлы мен жеке жұмыс жасау (сөйлеуді дамыту)** | **«Ұшақтар» саусақ жаттығуы**<br>Қане, қанат жазайық,<br>Ұшақ боп ұшайық.<br>Ұшып - ұшып алайық,<br>Орнымызға қонайық.<br>**Аянат, Жарқынаймен жеке жұмыс жасау (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** |

| | |
|---|---|
| **Кешкі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: ас ішу мәдениетімен таныстыру; қасықты дұрыс қолдануға үйрету; ас-су ішкенде сөйлемеуге шақыру. Баланың тамақтануы кезінде баланы қолдайтын жағымды көңіл-күй тудыру. Балалардың беті-қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек) киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу, ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою |
| **Серуенге дайындық** | **"Киім-кешектер мен аяқ киімді таза ұстау туралы".**<br>Мақсат-міндеттері: балаларда мәдени-гигиеналық дағдыларды, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастыру. Киім-кешектер мен аяқ киімдерді таза ұстаудың маңыздылығы жайлы айту, «тиянақтылық», «ұқыптылық» түсініктерімен таныстыру, киімдегі олқылықты байқауды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** |
| **Серуен** | Түскі уақыттағы серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>**"Күн мен жаңбыр" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың "күн" және "жаңбыр" сигналды сөздер арқылы қимылдай білу қабілеттерін дамыту; жаңбыр құбылысы туралы білімдерін қалыптастыру.<br>- Күн шықты – балалар ойнады.<br>- Күн тығылды – жаңбыр жауды.<br>**"Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда нысанаға (допты) дәлдеп ата білу, ептілік, мергенділік қабілеттерін дамыту |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(дербес қимыл әрекеті)** |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Не істеді?». Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту. |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: 2-3 жасар балалар үшін үстел ойындарын таңдау ерекшеліктері", "Ойыншықтардың материалдары мен сапасы", "Ойыншықтар не үшін керек?" |

Тексерілді нұсқама беруші әдіскер: / / Сабитова. З.А 01. 011. 24ж
Тәрбиешілер:/ / Сағдолдина Г.С
/ / Аремжанова Ж.Т

**ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ**

Білім беру ұйымы: «Балауса-Балғын» бөбекжайы»
Топ: «Жұлдызша» кіші тобы
Балалардың жасы: 2 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі: 08.04 - 12.04.2024ж.

| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Баланы қазақ әдебиеті классиктерінің шығармалырымен таныстырудың маңызы", "Баланың сұрақтарына, қажеттеріне құлақ асу қажет пе?", "Баланың мінезіндегі жаңа қылықтары нені білдіреді?". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Үстел ойындары сөресінің шаңын сүртуге ынталандыру, ойыншықтармен тазалықта ойнау туралы түсіндіру; ойыннан кейін ойыншықтарды сөреге тізімдеп қоюға, ұсақ бөлшектерді өз қораптарына сала білуге дағдыландыру; әрекеттердің барысын қадағалау, мақтау. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Балаларға табиғат бұрышындағы өсімдіктерді суару не үшін қажет екенін айтқызу; балалардың суқұйғышты ұстап, өздігінен суаруларын қадағалау; өсімдіктердің гүлдегенін байқату. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, уқалауын қадағалау; өз орамалын тауып, сүртіп, орнына іле білуге дағдыландыру; қолының тазалығын байқауға ынталандыру, мақтау. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Аквариум балықтарына жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа тәрбиелеу. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарды өз еркімен алып, өзге баламен бөлісіп, алмасуға ынталандыру; ойын әрекеттерін жасауды қадағалау; ойнап болғаннан кейін ойыншықты өз орнына жинау әдебін бекіту, мақтау; ойнамау себебін айтуға үйрету ("ойнап болдым"). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Картотека №6**<br>«Сиқырлы қапшық»<br>Ойынның мақсаты: заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыруға, топтастыруға үйрету.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: түсі, өлшемі, пішіні бойынша әр түрлі ойыншықтар.<br>Ойынның мазмұны: Балалар «Сиқырлы қапшықтың» ішіндегі затты ұстап көріп, пішінін анықтайды, ойыншықты алған соң атын атап, түсін айтады. | **Картотека №9**<br>«Үлкен-кіші»<br>Мақсаты:<br>Түстер туралы білімдерін бекіту,заттарды көлеміне қарай айыра білуге үйрету.<br>Үлкен-кіші, ұқсас емес деген сөздерді қолдана отырып, зейінін, есте сақтауын, ойлауын дамыту<br>Ойынның мазмұны: Әр түрлі көлемдегі ойыншықтар мен жануарлардың суреттерін атай отырып көлемдерін ажыратады<br>Көрнекілігі:<br>Ойыншықтар мен жануарлар суреттері | **Картотека №10**<br>«Не жоқ?»<br>Ойынның мақсаты: балалардың логикалық ойлауын дамыту, жылдамдыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу.<br>Шарты: ойыншықтарды қатар-қатар қойып, балалардың назарын ойыншықтарға аударады. Осыдан кейін балалар көздерін жұмып отырады. Осы кезде педагог ойыншықтардың біреуін алып қояды. Балалар көздерін ашып, қай ойыншықтың жоқ екенін табады.<br>Керекті құрал-жабдықтар: ойыншықтар | **Картотека № 11**<br>«Түрлі түсті моншақтарды тізу»<br>Ойынның мақсаты:<br>Түстеріне қарай кезектестіріп тізуге үйрету<br>Ойынның барысы:<br>Қонаққа қуыршақ немесе аю келеді , өзімен бірге моншақтарды әкеліп, әдемі моншақ жасауға көмектесулерін сұрайды. Тәрбиеші екі түсті моншақты қолына ұстай отырып,бірінші қызыл, сонан соң ақ моншақты тіземіз –деп көрсете отырып балалардың орындауларын қадағалап отырады<br>Құрал-жабдықтары:<br>Ақтүсті -8 қызыл түсті -8 моншақтар, диаметрі-2 см.<br>Жіптер және қорапшалар | **Картотека №14**<br>«Қуыршақты жуындыру үшін не керек?»<br>Ойынның мақсаты: қуыршақты жуындыру үшін қандай заттар керек екенін біледі.<br>Ойынның шарты: Жуындыру үшін қандай заттар керегін суреттен қарап, артығын алып тастау керек.<br>Керекті құрал-жабдықтар, көрнекіліктер: жуындыруға қажетті заттар. |
| **Таңертеңгі жаттығу** | ***Жалпы дамытушы жаттығулар.***<br>1. Бастапқы қалып: жерде аяқтың арасын ашып отырып, орамалды ұшынан екі қолмен ұстау;<br>1–1 орамалды жоғары көтеріп, тізеге қою;<br>1–2 бастапқы қалыпқа келу (4-5 рет қайталау).<br>2. Бастапқы қалып: тік тұрып, аяқты иық деңгейінде қою, орамалды екі ұшынан екі қолмен ұстау;<br>2–1 еденге еңкейіп, орамал ұстаған қолды еденге тигізу;<br>2–2 бастапқы қалыпқа келу (3-4 рет қайталау);<br>3. Бастапқы қалып: тік тұрып, аяқты иық деңгейінде қою, орамалды екі ұшынан екі қолмен ұстау; | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 3–1 бір аяқты жоғары көтеріп, тізені бүкпеуге тырысып, орамал ұстаған қолға жақындату; екінші аяққа да осы жаттығу қайталанады.<br>3–2 бастапқы қалыпқа келу (3-4 рет қайталау);<br>4. Орамалды бір қолға ұстап, бірінің артынан бірі жүгіру.<br>Бірінің артынан бірі жай жүріп, орамалдарды орындарына қою.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемеу, үстел басында дұрыс отыру.<br>*Көркем сөз*<br>Ыстық құймақ пісірдім,<br>Тәрелкеме түсірдім.<br>Дәмді болды құймағым,<br>Құйып жедім қаймағын.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.<br>- Сәлем саған, туған жер!<br>Сәлем саған, туған ел!<br>Сәлем тобым!<br>Сәлем, досым!<br>Сәлем, көркем!<br>Сәлем, көктем!<br>**(сөйлеуді дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Еңбектейміз еріңбей!"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды төрт тағандап доғадан еңбектеп өтуге жаттықтыру; еңбектеу кезінде қол, аяқ үйлесімділігін сақтау икемділігіне | **Дене шынықтыру**<br>"Еңбек етсең емерсің".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды қолдарындағы орамалдарымен шеңбер бойымен салтанатты адымдатып, жүргізу және шашырай жүгірту; педагогтың | **Дене шынықтыру**<br>"Еңбек түбі - береке".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды қолдарындағы гүлдерімен шеңбер бойымен салтанатты адымдатып, жүргізу және шашырай жүгірту; педагогтың белгісі бойынша тоқтап, | **Ойын-имитация (қимыл жаттығуы) "Түйелер".**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың ырғақты есту қабілетін, дыбыстық тіл мәдениетін дамыту; көркем сөзді айта тұрып, ойыншықпен қимылдау, қуанышқа бөлену қабілетін қалыптастыру.<br>Құралдар: түйенің суреті | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Құлыншаққа шарбақ".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды суретке арналған қағаз бетін бағдарлай отырып, мазмұнды сурет объектілерінің бірі болатын құлыншақтың бейнесін байқап, оның |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | машықтандыру; төрт тағандап еңбектеп өту техникасын меңгерту.Балалардың төрт тағандап доғадан еңбектеп өту қабілетін дамыту; төрт тағандап доғадан еңбектеу кезінде денені тепе-теңдікте ұстай білу дағдыларын меңгерту; жоғары секіруде қол, дене, аяқ бұлшық еттерін жетілдіру; еңбектеу кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтай білуге үйрету. | белгісі бойынша тоқтап, орамалдарын жоғары көтеріп, бір орында салтанатты адымдау, белгі бойынша қайта жүру; төрт тағандап еңбектеп өту техникасын қорытындылау; ұйымдастырылған іс-әрекетін пысықтау. | гүлдерін жоғары көтеріп, бір орында салтанатты адымдау, белгі бойынша қайта жүру іскерліктерін дамыту; төрт тағандап еңбектеп өту техникасын жетілдіру; доғадан төрт тағандап еңбектеп өту кезінде денені кеңістікте ұстай отырып, епті болуға тәрбиелеу. | немесе ойыншығы.<br><br>**"Түйелер".**<br>Өркештерін май басқан,<br>Аяқтарын паң басқан.<br>Ащы қуып, жайылып,<br>Бетегелі белді асқан.<br>Әнес Нарымбетов<br>**(сөйлеуді дамыту мен көркем әдебиет)** | алдында көлденең созылған екі таяқшаны тігінен қысқа сызықтарға, "шарбақтарға", бормен салып толтыруға үйрету; сызықтарды сол жақ шеттен оңға қарай, аяғына дейін, жоғарыдан төменге, таяқшаларға тигізіп салып шығуға жаттықтыру; сызықтарды бірыңғай қимылмен сол жақтан оңға қарай жүргізіп отыруға дағдыландыру; бордан қалған іздерінің "шарбақ таяқшаларының" бағытын байқап, келесі жерге ауыса білу қабілетіне баулу; үй жануарларына көктемде жасалатын қамқорлық туралы түсінік беру. |
| **Серуен** | Ауа райындағы өзгерістерді бақылау<br>Мақсаты: Ауа райындағы өзгерістер туралы түсінікті қалыптастыру; ауа райындағы жаңа өзгерістерді бақылауға үйрету.<br>Көктем мезгілі басталғанда ауа райы құбылып тұрады, күн | Ағаштарды бақылау (бұтақ)<br>Мақсаты: Балаларды ағаштардың дінімен бұтақтарын ажырата білуге үйрету.<br>Табиғаттағы өзгерістерге қарап, қуану сезімдерін ояту.<br>Болжам:<br>«Қарағаштан бұрын, ақ қайынның жапырақ жаюы- жаздың құрғақ | Қалың қардың азаюын бақылау<br>Мақсаты: Көктем мезгіліндегі қардың, өзгеру жағдайы жайлы білімін жетілдіру.<br>Танымдық қызығушылығын жетілдіру.<br>Күннен-күнге қардың азаюын және түсінің сұрлануын, қар бетінің қатуын әңгімелеу. | Күнді бақылау<br>Мақсаты: Көктем мезгіліндегі күндегі белсенді өзгерістерді көруге үйрету.<br>Балаларға күннің адам өмірі үшін, өсімдіктер үшін, жануарлар үшін, қажеттілігін әңгімелеу.<br>(Күн жоғарлаған сайын, күн шуақтары көп жылу шашады)<br>Болжам: | Аспанды бақылау<br>Мақсаты: Балаларды ойлауға, өздігінен бақылай білуге үйрету.<br>Тәрбиеші балаларға көктемгі аспанға қарауды ұсынады. Қысқы аспанмен көктемгі аспанды салыстыру. (қыста аспан көбінде сұр түсті, ал қазір көк аспанды байқаймыз және аспанда ақ бұлттар пайда болды) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | өткен сайын ауа райы жылына бастайды. Күн жарқырайтын болғандықтан ашық күндер көбейеді, аспан өзінің сұр түсін ашық көгілдір түске ауыстырады. Балалардың бақылаушылық қабілетін жетілдіру.<br>Болжам: қыстағы суық – жаздағы ыстық.<br>Мақал – мәтел: «Бір тал кессең, он тал ек», «Мезгіл жетсе, мұз ерір».<br>Жұмбақ:<br>Азанда шашып тастайды,<br>Ымыртта жия бастайды.<br>(Көктемде егу, күзде жинау)<br>Қозғалмалы ойынның атауы: «Қасқырдан қаш»<br>Мақсаты: Балаларды шапшаң қозғала білуге,ептілікке үйрету. Қимылдық ойындарды | болуы».<br>Мақал - мәтел:<br>«Адам еңбегімен, ағаш жемісімен қымбат»;<br>«Егер су наурызда ақпаса - шөп сәуірде өспейді».<br>Тақпақ: «Көктем»<br>Қар ериді күн шықты,<br>Күндер туды шуақты.<br>Байтақ дала келбеті,<br>Түкті кілем секілді.<br>Жұмбақ:<br>Жазда тұрып жоғары,<br>күзде жерге қонады.<br>(Жапырақ)<br>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Ағаштан-ағашқа».<br>Мақсаты: Балаларды екі аяқпен секіріп алға қарай жылжуға үйрету.<br>Алаңдағы еңбек:<br>Ауланы жинау және реттеу. | Болжам:<br>Қардың тез еруі, судың қатты ағуы- жаздың жаңбырлы болуы.<br>Мақал- мәтел:<br>«жақсылап жыртып жеріңді, кезіде ексен егінді, аларсың мол өнімді»;<br>Тақпақ:<br>Табиғат ол анамыз,<br>Табиғатқа баламыз.<br>Құшағында ойнаймыз,<br>Шаттық әнге саламыз.<br>Жұмбақ: Қолсыз есік қағады. (Жел)<br>Қимыл-қозғалыс ойыны:«Жолды тап».<br>Мақсаты: Балаларды кеңістікті бағдарлауға үйрету.<br>Алаңдағы еңбек:<br>«Жолдарды қалған қардан тазалау». | Күн болғанда жылу болады, анаң болғанда мейірім болады.<br>Мақал- мәтелдер:<br>Жел дауылды шақырады, бұлт жауынды шақырады.<br>Жұмбақ:<br>Қос қанатын иіп ап,<br>Жарға келіп қонады.<br>Қара киім киіп ап,<br>Балшықтан үй соғады.<br>(Қарға)<br>Қимыл-қозғалыс ойыны:«Күн мен түн».<br>Мақсаты: Балаларды күн мен түнді ажырата білуге үйрету.<br>Алаңдағы еңбек: Аланды қоқыстан тазарту. | Мақал мәтел:<br>«Наурыз - көктемнің шапағаты»;<br>Жұмбақ:<br>Төңірегі тең көрініп,<br>Теген жатыр төңкеріліп,<br>Жас та сиған, кәрі сиған,<br>Астына оның бәрі сиған.<br>(Аспан)<br>Қимыл-қозғалыс ойыны:<br>«Айгөлек»<br>Мақсаты: Балаларды байқампаздыққа, жылдамдыққа, шапшаңдыққа, үйрету.<br>Алаңдағы еңбек: Алаңда тазалық жұмыстарын ұйымдастыру. |

| | |
|---|---|
| | қызығушылықпен ойнауға тәрбиелеу.<br>Алаңдағы еңбек:<br>Ауланы жинау және реттеу. |
| **Серуеннен оралу** | **Серуеннен кейін беті-қолды сумен тазалап жуу дағдысын бекіту.**<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақста-міндеттер. Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемеу, үстел басында дұрыс отыру.<br>*Көркем сөз*<br>Ыстық құймақ пісірдім,<br>Тәрелкеме түсірдім.<br>Дәмді болды құймағым,<br>Құйып жедім қаймағын.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау. |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | **Ұйқыашар жаттығулары.**<br>Керует жанындағы жаттығулар<br>"Құстар"<br>1. "Құстар оянды". Б.қ.: аяқты сәл алшақ қою. Қолдарды жан-жаққа созу, былғау – «құстар қанат қағып жатыр».<br>2. "Құстар достарын шақырып жатыр". Б.қ.: тұрып, қол белде, аяқ сәл алшақ. Оң жаққа, сол жаққа бұрылу, «Шиық-шиық» деп айту.<br>3. "Құстар жем шұқып жатыр". Б.қ.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол төменде. Отыру, саусақпен еденді соғу, бастапқы қалыпқа келу.<br>4. "Құстар көңілденіп жатыр". Б.қ.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол түсірілген. Жүріспен кезектесіп, бір орында секіру.<br>**(дене шынықтыру)** |
| **Бесін ас** | **"Қолды қалай дұрыс жуу керек».**<br>Сабынды қалай дұрыс ұстау, қолды сабындау, оны сүрту керектігін түсіндіру. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Тәрбиеші қолды не үшін жуу керектігі жайлы сұрақ қояды. Кейін шараның орындалу ретін айтады, түсіндірме жасай отырып көрсету: Алдымен сабынның жан-жағын сипалаймыз, кейін оны сабын салғышқа салып алақанымызды сипаймыз — бірі екіншісін, енді саусақтарды айқастырып "кірпі" жасаймыз. Артынан қолды қалай сүрту керектігін көрсету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Музыка**<br>**Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Құлыншақ".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды М. Жаманбалиновтың "Құлыншақ" өленін педагогтің соңынан қайталап, басқа балалармен қосылып өлеңді мәнерлеп айтуға талпындыру; шығарма мазмұнындағы сөздер мағынасын түсінуге үйрету; үй жануары – құлынның қозғалу ерекшелігін ажыратуға және қимылмен қайталауға машықтау. | **Құрастырудан ойын-жаттығу**<br>"Құс ұясы".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды "құс ұясын" құрастыруда "қорап", "үйшік" жасауды еске түсіріп, құрастыру амалдарын қолдануға үйрету; призманы шатыр түрінде қолдануды меңгерту; педагогтің әдістеріне және үлгіге сай құрылыс нысанын жасауға дағдыландыру; құстардың тіршілігі туралы ұғымдарын қалыптастыру.<br>Балалардың құрылыс материалдарының қасиеттерін қабылдауы мен кеңістікте бағдарлау мүмкіндіктерін арттыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейіні мен ақыл-ойын дамыту. | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Жылқы мен құлын".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларға үй жануары жылқы мен құлынның тіршілігі және олардың адам өмірінде алатын орны туралы жалпы түсінік беру; сурет мазмұнында аталған кейіпкерлерді байқап, атап көрсетуге машықтау, сурет тақырыбын ортақ қимыл-әрекеттер аясында бір тұтас оқиға ретінде қабылдауға үйрету. | **Музыкадан ойын-жаттығу**<br>"Жер-Ана".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың әннің сипаты мен сөздік мағынасын түсініп, музыкалық фрагментті мұқият тыңдай білу қабілеттерін дамыту; музыкалық-ырғақтық қимылдарды топпен еркін жасауға дағдыландыру. | **Ритмикалық жаттығулар.**<br>Ағаштарда, (қолдар көтеру, жан-жаққа теңселту)<br>Гүлдерде, (гүлді көрсету: екі жұдырықты біріктіру, саусақтарды жоғары созу, алақанды ашып-жабу)<br>Жасыл бұталарда, (отыру, алақанды ашу)<br>Қарлығаштар да («қанаттарын» сермеп)<br>Қояндар да (секірді)<br>Қыздар мен ұлдар да - (бір орында жүру)<br>Барлығымыз тұрамыз осында (қолды алға созу, алақанды көтеру)<br>Үлкен ғаламшарда (үлкен шарды көрсетеді)<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Ойын-имитация. "Құлыншақ".** Мақсат-міндеттер. Балаларды көркем сөздің ырғағына сай қимылдауға, құлыншақтардың қимылдарына еліктей білуге ынталандыру; үй жануарларының төлдері жайында ұғымдар қалыптастыру; түйсікті, жағымды эмоцияларды дамыту; әлеуметтік қатынастарды қалыптастыру, достыққа тәрбиелеу. Балаларға құлыншақтардың маскаларын кигізу. ***"Құлыншақ".*** Құлын, құлын, құлыншақ, Желкілдейді тұлымшақ. Маңдайында жұлдызы, Құйрығында құндызы. М. Жаманбалинов. **(сөйлеуді дамыту** | **Н. Жанаев «Табиғат анамыз» тақпағын мәнерлеп оқу.** Табиғат ол анамыз, Табиғатқа баламыз. Құшағында ойнаймыз, Шаттық әнге саламыз. Жазда аралап тауында, Барамыз біз бауында. Өзеніне шомылып, Жүгіреміз жауында. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **"Бақ-бақ суретін жинайық" дамытушы жаттығуы.** Балалар үшін бірнеше ұяшыққа бөлініп, бірыңғай түспен жабылған панно көрсетіледі. Педагог ұяшықтарды кезекпен ашып тұрады, балалар бақбақтың қай бөлігі ашылғанын атайды (басы, сабағы, жапырағы). Балалар атап бере алмай жатса, бақбақтың толық ашылған суретін ұсынып, балаларға айтқызу керек. Сурет ашылғаннан кейін балаларға бақбақтың бөліктерін қайталату керек.. - Балалар, бақбақ ағаш па? Бақбақ – гүл. Қайталайық. Жарайсыңдар. - Балалар, гүлдерді жұлуға болмайды. Гүлдерді күту керек. - Бақбақ қандай тамаша! Алақай! **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен** | **"Далада қызғалдақтар өсті" шығармашылық рефлексиясы.** Табақшаға салынған ушбұрыш, дөңгелектер мен санау таяқшаларын үлестіріледі. Балалар үстелде геометриялық пішіндерден далада өскен гүлдерді құрастырады. | **"Аңдар не істей алады?" атты мультфильмін көру.** Мақсат-міндеттер. Балалардың аңдар мен құстардың қимылдарын байқауға, сәйкес еліктеу қимылдарын жасауға ынталандыру. **(сөйлеуді дамыту, музыка)** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **және көркем әдебиет)** | | **танысу)** | |

| | |
|---|---|
| **Кешкі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақста-міндеттер. Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемеу, үстел басында дұрыс отыру.<br>*Көркем сөз*<br>Ыстық құймақ пісірдім,<br>Тәрелкеме түсірдім.<br>Дәмді болды құймағым,<br>Құйып жедім қаймағын.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** |
| **Серуенге дайындық** | **"Киім-кешектер мен аяқ киімді таза ұстау туралы".**<br>Мақсат-міндеттері: балаларда мәдени-гигиеналық дағдыларды, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастыру.<br>Киім-кешектер мен аяқ киімдерді таза ұстаудың маңыздылығы жайлы айту, «тиянақтылық», «ұқыптылық» түсініктерімен таныстыру, киімдегі олқылықты байқауды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** |
| **Серуен** | «Қасқырдан қаш»<br>Мақсаты: Балаларды шапшаң қозғала білуге, ептілікке үйрету. Қимылдық ойындарды қызығушылықпен ойнауға тәрбиелеу.<br>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Ағаштан-ағашқа».<br>Мақсаты: Балаларды екі аяқпен секіріп алға қарай жылжуға үйрету.<br>Қимыл-қозғалыс ойыны:«Жолды тап».<br>Мақсаты: Балаларды кеңістікті бағдарлауға үйрету.<br>Қимыл-қозғалыс ойыны:«Күн мен түн».<br>Мақсаты: Балаларды күн мен түнді ажырата білуге үйрету.<br>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Айгөлек»<br>Мақсаты: Балаларды байқампаздыққа, жылдамдыққа, шапшаңдыққа, үйрету. |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(дербес қимыл әрекеті)** |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Не істеді?». Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту.<br>Саусақ моторикасын дамытатын ойындар. **(сенсорика)**<br>Мақсат-міндеттер. Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру. |

| | |
|---|---|
| басқа әрекеттер) | Табиғат бұрышын зерттеу, қоршаған ортамен таныстыруға арналған ойындар.<br>Мақсат-міндеттер. Дөрекілікке, сарандыққа теріс көзқарас қалыптастыру; басқа балалармен бірге, келісіп ойнауға, бір-біріне көмектесуге және жетістіктеріне, әдемі ойыншықтарға бірге қуануға баулу. «Дұрыс», «дұрыс емес», «қауіпті» түсініктерімен, серуенде және сумен,<br>құммен ойындарда қауіпсіздік ережелерімен (лас суды ішпеу, құмды шашпау, тастарды лақтырмау) таныстыру, өсімдіктер мен жануарларға сүйіспеншілік таныту және қамқорлық жасау. |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "Баланы қазақ әдебиеті классиктерінің шығармалырымен таныстырудың маңызы", "Баланың сұрақтарына, қажеттеріне құлақ асу қажет пе?", "Баланың мінезіндегі жаңа қылықтары нені білдіреді?". |

Тексерілді әдіскер: Сабитова З.А. 08.04.24ж

Тәрбиешілер: Аремжанова Ж.Т

Сағдолина Г.С.

## ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы «Балауса Балғын» бөбекжайы» ҚМҚК
Топ: «Жұлдызша» кіші тобы
Балалардың жасы: 2 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі: 15.04 - 19.04.2024ж.

| Апта күндері | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Отбасыдағы әке, ана, ата-әже тәрбиесі және баланың дамуы", "Баланың өз ойын нақтылы жеткізуі қай жастан басталу керек?". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Балаларға табиғат бұрышындағы өсімдіктерді суару не үшін қажет екенін айтқызу; балалардың суқұйғышты ұстап, өздігінен суаруларын қадағалау; өсімдіктердің гүлдегенін байқату. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, уқалауын қадағалау; өз орамалын тауып, сүртіп, орнына іле білуге дағдыландыру; қолының тазалығын байқауға ынталандыру, мақтау. | . **"Еңбекке баулу"** **Мақсаты.** Табиғат бұрышындағы өсімдіктердің жапырақтарын сумен бүрку үлгісін көрсету; жапырақтардың таза болғанын байқату. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарды өз еркімен алып, өзге баламен бөлісіп, алмасуға ынталандыру; ойын әрекеттерін жасауды қадағалау; ойнап болғаннан кейін ойыншықты өз орнына жинау әдебін бекіту, мақтау; ойнамау себебін айтуға үйрету | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Үстел ойындары сөресінің шаңын сүртуге ынталандыру, ойыншықтармен тазалықта ойнау туралы түсіндіру; ойыннан кейін ойыншықтарды сөреге тізімдеп қоюға, ұсақ бөлшектерді өз қораптарына сала білуге дағдыландыру; әрекеттердің барысын қадағалау, мақтау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ("ойнап болдым"). | |
| | **Ойын-имитация (қимылды жаттығу) "Жас қарағай".** Мақсат-міндеттер. Балалардың ырғақты есту қабілетін, дыбыстық тіл мәдениетін дамыту; көркем сөзді айта тұрып, ойыншықпен қимылдау, қуанышқа бөлену қабілетін қалыптастыру. Құралдар: қарағайдың суреті. Жас қарағай Жас баладай Қаз тұрды да, бойлайды. Тауды аралай, тасты аралай, Жүгіріп жел, ойнайды. Ш. Мәмбетов **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет )** | **«Ғажайып хатқалта» дидактикалық ойын.** Мақсаты: хатқалтадан шығарылған суреттердегі заттардың атауын дұрыс атау. Шарты: педагог суреттерді кезекпен шығарып, заттардың атауын дауыстап атайды; балалар суретке қарап қызығады, педагогтің соңынан атауға тырысады. Хатқалта. - Балалар, біреу бізге хатқалта салып жіберіпті! - Мынау - хатқалта. Бұл хатқалтада не бар? Хатқалтада ағаш, бүршік, жапырақ, гүл мен жемістің суреті болады. | **Тақпақты мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы. "Торғай-торғай тоқылдақ"** Мақсат-міндеттер. Балаларды торғай ойыншығына қарап, халық ауыз әдебиетінде сақталған тақпақты мәнерлеп айтуға ынталандыру; тілін, есте сақтау қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту. - Торғай-торғай, тоқылдақ, Жерден тары шоқып ап, Бөтегесі томпайып, Түймедей боп монтайып, "Шіп-шіп" десіп отырар, Торғай-торғай топтаған. Торғайды торғай мақтаған, | **«Сиқырлы қыстырғыштар» дидактикалық ойыны** Мақсат-міндеттер. Балаларға қажетті түсті қыстырғыштарды, тактильді сезімдерді, екі түсті кезектесіп тұратын қыстырғыштарды таңдауға үйрету, шығармашылық қабілетін дамыту. қарапайым киімдер, басылған суреттер. Ойын барысы: балалар ағашқа бұтақтар, күнге - сәулелер, қызылшаға-шыңдары және т.б. қыстыруды үйренеді. **(сенсорика, қоршаған ортамен таныстыру)** | **«Құстар» ойын-имитациясы.** Мақсат-міндеттер. Балалардың ырғақты есту қабілетін, дыбыстық мәдениетін дамыту; көркем сөзді айту, қуанту қабілетін қалыптастыру. Құрал-жабдықтар: құстардың маска-тақиялары. Қарлығаш боп ұшайық, Қарға болып секірейік. Торғай болып қонайық, Тоқылдап боп шоқиық. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | хатқалтағы суреттерді бір-бірден шығарады. Хатқалтадағы суреттердің атауын дауыстап атайды. Балалармен бірге қайталайды. Балаларға сөздерді дұрыс айтқызады. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | Бір торғай ұшса боранда, Іздеп бәрі жоқтаған. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет )** | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>1."Саусақтарым сәлем дейді бәріне" – екі алақанды жайып, ашып-жұму (3-4 рет қайталау);<br>2."Қайырлы күн деп, күлімдейді көздерім", көздерін сипап, кірпіктерін қағып, күлімдеу;<br>3."Қайырлы таң, жаңалық бар деп құлағым", құлақтарын сипап, басын екі жаққа кезек иеді.<br>4."Қайырлы таң дейді менің қолдарым!" – деп, қол білезіктерін айналдырады;<br>5."Қайырлы таң дейді менің денем де!" – деп, денесін қозғайды (3-4 рет қайталау);<br>6. "Қайырлы таң дейді менің аяғым!" – деп, екі аяғын кезек-кезек алға қояды (3-4 рет қайталау);<br>Бірінің артынан бірі жай жүріп, ""Тамаша, тамаша, бір, екі деп санаса"" деп айта жүріп, орындықтарға жайғасады."<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақста-міндеттер. Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемеу, үстел басында дұрыс отыру.<br>*Көркем сөз*<br>Қасықтарымыз біздің,<br>Таңқалдырар барлығын!<br>Қасықтарым сиқырлы,<br>Тауысады тағамды.<br>Міне тағам, міне ас, | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қасық түк те қалдырмас!<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.<br>- Сәлеметсіңдер ме, балалар!<br>Сәлеметсіңдер ме, ағаштар!<br>Сәлеметсіңдер ме, үйлер!<br>Сәлеметсіңдер ме, гүлдер!<br>**(сөйлеуді дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі**<br><br>**бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Егейік көктем ағашын".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды құм салынған қаппарды оң және сол қолмен тік бағытта лақтыра білуге үйрету; лақтыру кезінде қол, аяқ үйлесімділігін сақтай білуге жаттықтыру; құм салынған қаппарды екі қолмен кезек лақтыру техникасын меңгерту.Балалардың құм салынған қаптарды оң және сол қолмен тік бағытта лақтыра білу қабілетін дамыту; лақтыру кезінде қол, | **Дене шынықтыру**<br>"Еңбек ептілікті сүйеді."<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды бір қатарға тұрғызып, құм салынған қаптарды оң және сол қолмен тік бағытта лақтыру техникасын дамыта отырып, оқу қызметін пысықтау, ептлікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу | **Дене шынықтыру**<br>"Еңбегіне қарай өнбегі."<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды сапқа тұрғызып, бірінің артынан бірін жүргізу; психогимнастика жасау іскерліктерін дамыту; құм салынған қаптарды оң және сол қолмен тік бағытта лақтыру техникасын жетілдіру; ептілікке тәрбиелеу. | **Сенсорикадан ойын-жаттығу**<br>"Әдемі кілем".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды салт-дәстүр ерекшеліктерімен таныстыра отырып, оқу қызметінде орындалатын біркелкі заттарды ортақ сенсорлық сипаттары мен көлеміне және түсіне сәйкестендіру қабілеттеріне үйрету; геометриялық денелер мен пішіндердің ортақ қасиеттерін байқап, атауға дағдыландыру; кілем туралы қысқаша | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Жасыл желек".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды қылқаламды үш саусақпен ұстап, оның ұшын бояуға малып, біркелкі қимылдармен ағаштың ең биік басына жапқалар жағып отыруға үйрету; қылқаламның түгінде бояудың бітіп қалмауын үнемі қадағалауға дағдыландыру; қылқаламмен салынған "жапырақтарды" байқап, бос жерлерге қайта салу қабілетіне баулу; сурет аяқталған соң қылқаламды тіреушеге тіреп қоюға жаттықтыру; жасыл желектің тек көктемде болатыны туралы түсінік беру. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | аяқ үйлесімділігін сақтай білу дағдыларын меңгерту; құм салынған қаптарды екі қолмен кезек лақтыруда қол, дене, аяқ бұлшық еттерін жетілдіру; құм салынған қаптарды екі қолмен кезек лақтыру техникасын меңгерту; лақтыру кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтай білуге үйрету. | | | түсінік беру. | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Ағаштарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер. Балалардың ағаштар құрылымы туралы ұғымдарын жетілдіру; ағаштардың бүршік атқанын байқату; зейінін, ойлау қабілеттерін дамыту. | **Табиғаттағы маусымдық өзгерістерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: балалардың жыл мезгілі туралы білімдерін бекіту; бақылау дағдыларын дамыту. **Ересек адамдармен** | **"Достар мен отбасылардың қауіпсіздігі", балабақша алаңында мақсатты серуендеу. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: балаларды учаскедегі тексеруге шақыру, болуы мүмкін қауіпті | **Бұлттарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсаты: әлемді тұтас қабылдаудың негізі ретінде жер мен көктің бірлігі туралы сананы қалыптастыруды жалғастыру. **Ересек адамдармен орындалатын** | **Жаяу жүргіншілер жолын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттер: жолдың жаяу жүргінші бөлігі, жол ережелері туралы білімдерін қалыптастыру. **Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (кішкентай бұтақтарды жинау). **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: еңбек етуді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **"Желектер".**<br>Желде тұрған желектер (алақандарды ашып, саусақтарды тікірейту)<br>Діңгегімен қоса теңселер, (қолдарды шынтаққа қойып, шайқау)<br>Бұталарды шайқайды, (қолдарымен оң-солға бұлғау)<br>Жапырақпен ойнайды. (саусақтарымен жыбырлату)<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.<br>**(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалықты сақтауға деген | **бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (құстарды тамақтандыру).<br>**(еңбек дағдылары)**<br>Мақсаты:<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жапалақтар".**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын ережелерін сақтауға, жүгіру кезінде негізгі қимылдарды дәл орындауға, жеңіл қозғалуға, бүкіл ойын кеңістігін пайдалануға үйрету.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту, ырғақты қимылдарға машықтандыру.**<br>"Мен секілді жаса".<br>Мақсат-міндеттер: моториканы дамыту, эмоционалды көңіл-күйлерін көтерілуге ықпал ету. | анықтау, қауіпті жағдайлардың алдын-алу үшін не істеу керектігін талқылау.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (құстарды тамақтандыру).<br>**(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер:құстарды тамақтандыру үшін орынды таңдауды, құстарды байқауға үйрету; балаларды құстарға қамқорлық жасауға шақыру.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қу түлкі".**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жүгіруге жаттықтыру, ептілікті дамыту, дене белсенділігін арттыру.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды** | **қарапайым еңбек тапсырмалары** (ауладағы бұтақтарды жинау).<br>**(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: нұсқаулыққа сәйкес және бірлесіп жұмыс істеу қабілетін қалыптастыру, жалпыға бірдей жұмыс істеуге деген ұмтылысты тәрбиелеу.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Сұңқар мен түлкі".**<br>Мақсат-міндеттер: ойын ережелерін айтуға, жүгіру кезінде негізгі қимылдарды дұрыс орындауға үйрету.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** "Ең жылдам".<br>Мақсат-міндеттер: жылдам жүгіру кезінде жаттығу; ептілікті, физикалық | өз бетінше орындауға үйрету.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Ұстап ал"**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ережелер бойынша ойнауға үйрету, ептілікті, батылдықты дамыту, ашық ойындарға деген қызығушылықты дамыту.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:**<br>"Жүгірейік".<br>Мақсат-міндеттер: жылдамдықты, ептілікті дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қызығушылықты арттыру; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Кірпі" қимылды жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды кірпі туралы тақпақты тыңдап, жағымды эмоцияларға бөленіп, кірпіге еліктей білуге баулу.<br>Тәрбиеші кірпі ойыншығын не суретін көрсетеді.<br>- Балалар, бұл не?<br>- Бұл кірпі, жарайсыңдар!<br>- Кірпі, сен қайдан келесің?<br>Қандай қоректі іздейсің?<br>Пысылдайсың, пысылдайсың,<br>Тоқтамайсың, тоқтамайсың.<br>- Қанекей, кірпі ұқсап, мына жатқан жолдармен асықпай жүгірейік.<br>балаларды алаңның | | **дамыту:** "Нысанаға жет".<br>Мақсат-міндеттер: алға қозғалыспен балаларды екі аяқпен секіруге жаттықтыру. | қасиеттерді дамыту. | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | түрлі бағыттарына балаларды ертіп, асықтырмай жүгіртеді.<br>**"Аюдың орманында" қимылды жаттығу.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың бір-біріне қақтығысып қалмай, аяқтарды кең қалыпта ұстап, жүгіре білу қабілетін қалыптастыру. | | | | | |
| **Серуеннен оралу** | **Серуеннен кейін беті-қолды сумен тазалап жуу дағдысын бекіту.**<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Макста-міндеттер. Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемеу, үстел басында дұрыс отыру.<br>*Көркем сөз*<br>Қасықтарымыз біздің,<br>Таңқалдырар барлығын!<br>Қасықтарым сиқырлы,<br>Тауысады тағамды.<br>Міне тағам, міне ас,<br>Қасық түк те қалдырмас!<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.<br>"Сылдыр, сылдыр, сылдыр су" ойын жаттығулары.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас** | **"Қолды қалай дұрыс жуу керек».**<br>Сабынды қалай дұрыс ұстау, қолды сабындау, оны сүрту керектігін түсіндіру.<br>Тәрбиеші қолды не үшін жуу керектігі жайлы сұрақ қояды. Кейін шараның орындалу ретін айтады, түсіндірме жасай отырып көрсету: Алдымен сабынның жан-жағын сипалаймыз, кейін оны сабын салғышқа салып алақанымызды сипаймыз — бірі екіншісін, енді саусақтарды айқастырып "кірпі" жасаймыз. Артынан қолды қалай сүрту керектігін көрсету.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Көктем келді".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға көктемгі құбылыстар және көктемгі ағаштар туралы түсінік беру; сурет бойынша сұрақтарға жауап беруде байланыстыра сөйлеуін жетілдіру; көктем туралы жаттамақтарды айту арқылы көктемгі құбылыстарды бақылауға үйрету.<br>**Музыка жетекші жоспары бойынша** | **Сенсорикадан ойын-жаттығу**<br>"Пойызбен саяхат."<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды заттардың түсі мен көлемі және пішіні бойынша салыстыру, ажырата білу іскерлігіне үйрету; заттардың сенсорикалық қасиеттері мен сапалары туралы білімдерін әртүрлі жаттығуларды қолдану арқылы жетілдіру; түстері біркелкі, ұқсастығы шамалы бірыңғай пішіндердің | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Аққайың".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды аққайыңды бақылай білу негіздеріне үйрету; аққайыңның өзге ағаштардан ерекшеліктерін байқау дағдыларын қалыптастыру; аққайың туралы жалпы түсінік беру. | **Жапсырудан ойын-жаттығу**<br>"Алқаны жинайық".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды екі түсті, көлемі бірдей домалақ пішіндерді доғал сызықтың бойына орналастыруға үйрету; домалақтардың (моншақтар) түстерінің сәйкес келуін байқауға дағдыландыру; желімді пішіндерге қылқаламмен жағып жапсыру, сүлгіні қолдану іскерлігін | **"Шыршаларды құрастырайық" үстел ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды үшбұрыштар арқылы шыршаларды құрастыруға ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, жазықтықты бағдарлау және ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Құралдар: үшбұрыштардың ұсақ модельдері (пластик немесе катпа қағаз). балаларға шыршаның суретін көрсетіп, оның сұлбасын үшбұрыштардан құрастыруға мүмкіндік береді. Балалар шыршаларды құрастырып болғаннан кейін, үлгіні балалардың жұмыстарымен салыстырады.<br>**(сенсорика, қоршған ортамен** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **жүреді** | сәйкестігін байқауға дағдыландыру. | | қалыптастыру; балалардың байқағыштығы мен икемділігін, қолдың ұсақ моторикасын, түс пен пішінді қабылдауын, танымы мен зейінін дамыту; балаларды ұқыптылық пен төзімділікке тәрбиелеу; жапсыру іс-әрекетіне деген қызығушылықтарын қалыптастыру. | **таныстыру)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Ойын-имитация (қимыл жаттығуы) "Жас қарағай".**<br>Жас қарағай<br>Жас баладай<br>Қаз тұрды да, бойлайды.<br>Тауды аралай, тасты аралай,<br>Жүгіріп жел, ойнайды.<br>Ш. Мәмбетов<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Мәди,Назлы, | **Саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ұсақ қол моторикасын, сөйлеу қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Гүлдер нәзік болады, (Саусақтарды баяу ашу)<br>Қаулап өсіп толады. (Қолдарын үстіге созып, бұлғайды)<br>Қарамасаң аялап, Солып, курап қалады.(Саусақтарын | **"Торғай-торғай тоқылдақ" қимыл жаттығуы.**<br>- Торғай-торғай, тоқылдақ,<br>Жерден тары шоқып ап,<br>Бөтегесі томпайып,<br>Түймедей боп монтайып,<br>"Шіп-шіп" десіп отырар,<br>Торғай-торғай топтаған.<br>Торғайды торғай мақтаған, | **"Қайсысы дұрыс?" зейінді дамыту.**<br>Балалар алдына бір қатарда аққайыңның дұрыс суреті мен оның бірнеше қате суреттері көрсетіледі:<br>* 1-діңгегі қызыл, 2-діңгегі көк, 3-діңгегі ақ;<br>* 1-діңгегі ақ, бірақ шыршаның бұталары мен инелері салынған; 2-діңгегі ақ, бұталары мен жапырақтары бар | **Артикуляциялық жаттығу.**<br>- Аш - аш, ағаш.<br>- Шік - шік, бүршік.<br>- Рақ - рақ, жапырақ.<br>- Міс - міс, жеміс.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br>Амелия, Жарқынай, Аманәли жеке жұмыс |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Айкөркеммен жеке жұмыс жасау | баяу жабу) **(сөйлеуді дамыту)** Аянат, Салауат,Әмір мен жеке жұмыс жасау | Бір торғай ұшса боранда, Іздеп бәрі жоқтаған. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** Айсұлтан,Заңғар, мен жұмыс жасау | аққайың суреті; 3-діңгегі ақ, бірақ аласа, бұтаға ұқсайтын ағаш. - Балалар, мына қатардағы қайсысы аққайың? Көрсетейікші. Жарайсыңдар. **(қоршаған ортамен таныстыру)** Аделья, Сағыныш пен жеке жұмыс жасау | |
| **Кешкі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақста-міндеттер. Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемеу, үстел басында дұрыс отыру.<br>*Көркем сөз*<br>Қасықтарымыз біздің,<br>Таңқалдырар барлығын!<br>Қасықтарым сиқырлы,<br>Тауысады тағамды.<br>Міне тағам, міне ас,<br>Қасық түк те қалдырмас!<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |

| | |
|---|---|
| **Серуенге дайындық** | **"Киім-кешектер мен аяқ киімді таза ұстау туралы".**<br>Мақсат-міндеттері: балаларда мәдени-гигиеналық дағдыларды, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастыру.<br>Киім-кешектер мен аяқ киімдерді таза ұстаудың маңыздылығы жайлы айту, «тиянақтылық», «ұқыптылық» түсініктерімен таныстыру, киімдегі олқылықты байқауды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** |
| **Серуен** | Түскі уақыттаға серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қу түлкі".**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жүгіруге жаттықтыру, ептілікті дамыту, дене белсенділігін арттыру.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** "Нысанаға жет"<br>Мақсат-міндеттер: алға қозғалыспен балаларды екі аяқпен секіруге жаттықтыру<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Ұстап ал"**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ережелер бойынша ойнауға үйрету, ептілікті, батылдықты дамыту, ашық ойындарға деген қызығушылықты дамыту. |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(дербес қимыл әрекеті)** |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Не істеді?». Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту.<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық, қыс тақырыбына байланысты әндер. **(музыка)**<br>Мақсат-міндеттер. Қимылдарды музыкалық аспаптармен (бубенмен, сылдырмақпен, маракаспен) орындау дағдысын дамыту. Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделе отырып, әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру. Балаларды кейбір музыкалық аспаптардың (барабан, бубен, сылдырмақ) таныстыру.<br>құммен ойындарда қауіпсіздік ережелерімен (лас суды ішпеу, құмды шашпау, тастарды лақтырмау) таныстыру, өсімдіктер мен жануарларға сүйіспеншілік таныту және қамқорлық жасау. |
| | |

| | |
|---|---|
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "Отбасындағы әке, ана, ата-әже тәрбиесі және баланың дамуы", "Баланың өз ойын нақтылы жеткізуі қай жастан басталу керек?". |

Тексерілді нұсқама беруші әдіскер: / / Сабитова. З.А 15.01.24ж

Тәрбиешілер:/ / Сағдолдина Г.С

/ / Аремжанова Ж.Т

## ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: «Балауса-Балғын» бөбекжайы»КМҚК
Топ: «Жұлдызша» кіші тобы
Балалардың жасы: 2 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі: 22.04 - 26.04.2024ж.

| Апта күндері | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күйімен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Бала неге өзімшіл?", "Жомарт мінезді баланы қалай тәрбиелеуге болады?", "Тентектік пе, агрессивті мінез-құлық па?", "Гиперактивті мінез-құлықтың белгілері". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, қысуды қадағалау; өз орамалын тауып, сүртіп, орнына іле білуге дағдыландыру; қолының тазалығын байқауға ынталандыру, мақтау. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Балаларға табиғат бұрышындағы өсімдіктерді суару не үшін қажет екенін айтқызу; балалардың суқұйғышты ұстап, өздігінен суаруларын қадағалау; өсімдіктердің гүлдегенін байқату. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарды өз еркімен алып, өзге баламен бөлісіп, алмасуға ынталандыру; ойын әрекеттерін жасауды қадағалау; ойнап болғаннан кейін ойыншықты өз орнына жинау әдебін бекіту, мақтау; ойнамауының себебін айтуға үйрету ("ойнап болдым"). | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Үстел ойындары сөресінің шаңын сүртуге ынталандыру, ойыншықтармен тазалықта ойнау туралы түсіндіру; ойыннан кейін ойыншықтарды сөреге тізімдеп қоюға, ұсақ бөлшектерді өз қораптарына сала білуге дағдыландыру; әрекеттердің барысын қадағалау, мақтау. | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы өсімдіктердің жапырақтарын күтуге, үлкен жапырақтардың бетінен шаңды сүлгімен сүртуге қызықтыру, үлгі көрсету, мақтау, қолдау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Саусақ жаттығуы. "Қолдарымыз дос болсын".**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды көркем сөзді айтып, белгілі қимылдарды жасауға үйрету; тіл мәдениетін дамыту; қуанышқа бөленуге баулу.<br><br>Қолдарымыз дос болсын, (алақандарды қосу)<br>Бірін-бірі сипасын, (бірін-біріне уқалау)<br>Кезекпенен құшақтасып, (саусақтарды өзара өткізу, бір тұтас жұдырыққа қысу)<br>Саусақтармен ұштасып. (қос қол саусақтарын бір-біріне тистіру)<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, сенсорика)** | **Саусақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер. Баланың тілін, қолдың моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту; жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін қалыптастыру.<br>***"Сен қайда бардың? (орыс халқының тақпағы)***<br>- Бармақтай балғын! Сен қайда бардың?<br>- Мына бауырыммен Орманға бардым,<br>Мына бауырыммен Іштім де кеспе,<br>Мына бауырыммен Дөп-ботқа жескем,<br>Мына бауырыммен Ән салдым кеште.<br>Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, сенсорика)** | **Ұлттық ойын. Теңге ілу**<br>Ойынға қатысушылар тепе-тең екі топқа бөлінеді. Әр қайсысы жеке- жеке шыбықтан ат мінеді. Ойын кезгі басталатын жерге сызық сызылады. Одан әрі 20- 30 метрдей жерден тереңдігі бір қарыстай екі шұңқыр қазылады. Шұңқырға он- оннан теңге салынады. Содан соң екі топтан екі сайыскер шығады. Сызыққа келіп қатарласып тұрады. Бастаушының белгісі бойынша шыбық аттарын құйғытып, шаба жөнеледі. Сол беттерімен әлгі шұңқырға жетіп қол соғып жібереді де, теңгені іліп алып, әрі қарай шауып кете барады, шұңқыр тұсында бөгелуге болмайды. Ұпайәр | **Құрылыс материалдарынан құрастыру жаттығуы. "Мұнара".**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды текшелер, призма және кірпіш құрылыс материалдарынан мұнара және өзге қарапайым құрылыстарды жасауға дағдыландыру; жасалған жұмысынан жағымды әсер ала білу қабілетін дамыту.<br>Педагог балаларға құрылыс үлгісін көрсетеді. Балалар құрылысты құрастыруының алдында педагог көркем сөзді оқып, балаларды өзіне ілестіреді.<br><br>Саусақ жаттығуы. "Біз текшені жинаймыз".<br>- Біз текшені жинаймыз,<br>Мұнараны құраймыз:<br>Жұдырыққа жұдырық<br>Қоямыз, санаймыз.<br><br>Бір, екі, үш, төрт,<br>Бір, екі, үш, төрт,<br>Жұдырыққа жұдырық,<br>Биікке қалаймыз.<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту және** | **Саусақ жаттығуы. "Қолдарымыз дос болсын".**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды көркем сөзді айтып, белгілі қимылдарды жасауға үйрету; тіл мәдениетін дамыту; қуанышқа бөленуге баулу.<br><br>Қолдарымыз дос болсын, (алақандарды қосу)<br>Бірін-бірі сипасын, (бірін-біріне уқалау)<br>Кезекпенен құшақтасып, (саусақтарды өзара өткізу, бір тұтас жұдырыққа қысу)<br>Саусақтармен ұштасып. (қос қол саусақтарын бір-біріне тистіру)<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, сенсорика)** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | сайыскердің іліп алған теңгелерінің санына қарай есептеледі. Қай топ көп ұпай жинаса, сол топ жеңеді. | **көркем әдебиет)** | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>1."Саусақтарым сәлем дейді бәріне" – екі алақанды жайып, ашып-жұму (3-4 рет қайталау);<br>2."Қайырлы күн деп, күлімдейді көздерім", көздерін сипап, кірпіктерін қағып, күлімдеу;<br>3."Қайырлы таң, жаңалық бар деп құлағым", құлақтарын сипап, басын екі жаққа кезек иеді.<br>4."Қайырлы таң дейді менің қолдарым!" – деп, қол білезіктерін айналдырады;<br>5."Қайырлы таң дейді менің денем де!" – деп, денесін қозғайды (3-4 рет қайталау);<br>6. "Қайырлы таң дейді менің аяғым!" – деп, екі аяғын кезек-кезек алға қояды (3-4 рет қайталау);<br>Бірінің артынан бірі жай жүріп, ""Тамаша, тамаша, бір, екі деп санаса"" деп айта жүріп, орындықтарға жайғасады."<br>**(дене шынықтыру)** | | | | | |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақста-міндеттер. Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемеу, үстел басында дұрыс отыру.<br>*Көркем сөз*<br>Қомағай қоңыр аю,<br>Нанды шашып жеп отыр.<br>Түсінбедік бір сөзін,<br>Аузы нанға толып тұр.<br>Сөйлемей іш тамақты,<br>тарсылдатпа табақты.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.<br>- Балалар, қане, күлейік,<br>Ән-күйлермен бөлісейік.<br>Шеңберге шығып жүріп,<br>Әдемі биді билейік.<br>**(сөйлеуді дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)** | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру** "Доп-дөңгелек шаңырақ". Мақсат-міндеттер. Балаларды допты екі қолмен басынан жоғары көтеріп лақтыруға үйрету; лақтыру кезінде қол, аяқ үйлесімділігін сақтай білуге жаттықтыру; допты екі қолмен лақтыру техникасын меңгерту. Балалардың допты екі қолмен басынан жоғары көтеріп лақтыру қабілетін дамыту; лақтыру кезінде қол, аяқ үйлесімділігін сақтай білу дағдыларын меңгерту; допты екі қолмен лақтыруда қол, дене, аяқ бұлшық еттерін жетілдіру; допты екі қолмен лақтыру техникасын меңгерту; лақтыру кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтай білуге үйрету. | **Дене шынықтыру** "Допты лақтыру техникасын пысықтау". Мақсат-міндеттер. Балаларды бір қатарға тұрғызып, допты екі қолмен басынан жоғары көтеріп лақтыру техникасын бекіту; оқу қызметін пысықтау; допты екі қолмен бастан жоғары көтеріп лақтыру кезінде ептілікке тәрбиелеу. | **Дене шынықтыру** "Допты лақтыру техникасы". Мақсат-міндеттер. Балаларды допты екі қолмен басынан жоғары көтеріп лақтыру техникасын дамыту; допты екі қолмен бастан жоғары көтеріп лақтыру кезінде ептілікке тәрбиелеу. | **Сурет салудан ойын-жаттығу** "Құлыншаққа шарбақ". Мақсат-міндеттер. Балаларды суретке арналған қағаз бетін бағдарлай отырып, мазмұнды сурет объектілерінің бірі болатын құлыншақтың бейнесін байқап, оның алдында көлденең созылған екі таяқшаны тігінен қысқа сызықтарға, "шарбақтарға", бормен салып толтыруға үйрету; сызықтарды сол жақ шеттен оңға қарай, аяғына дейін, жоғарыдан төменге, таяқшаларға тигізіп салып шығуға жаттықтыру; сызықтарды бірыңғай қимылмен сол жақтан оңға қарай жүргізіп отыруға дағдыландыру; бордан қалған іздерінің "шарбақ таяқшаларының" бағытын байқап, келесі жерге ауыса білу қабілетіне баулу; үй жануарларына көктемде жасалатын қамқорлық туралы түсінік беру. | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Ауаның қасиеті". Мақсат-міндеттер. Балаларды ауаның қасиеттерімен таныстыра отырып, оның бар екенін шар көлемінің өсуін немесе азаюын көзбен көрсету арқылы түсінік беру; ауаның адам өмірінде алатын маңызы жөнінде білімдерін кеңейту. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | **Аспанды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды аспанның таза немесе бұлтты болғанын байқауға, түсін атауға ынталандыру; зейінін, түйсігін дамыту.<br>Тап-таза көгілдір алаң,<br>Бұл - жердің шатыры аспан.<br>Аспан - күннің мекені,<br>Жұлдыздар мекені.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы құмнан тазалауға шақыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; | **Көлеңкені бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларға жерге түскен көлеңкелерін, олардың адамның қимылын қайталайтынын байқату, жағымды көңіл-күйге бөлену қабілетін дамыту.<br>Педагог балаларға алдарындағы жерге, көлеңкеге қарауды ұсынады, қимылдарды қайталап, көлеңкенің қимылына көңіл аударады.<br>- Балалар, қарандаршы, бұл біздің көлеңкеміз.<br>- Менің соңынман қайталап көріңдер.<br>Тұрсақ - тұрады,<br>Отырсақ - отырады,<br>Қолмен бұлғасақ - бұлғайды,<br>Соңымыздан қалмайды.<br>Д. Ахметова.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды құмның | **Желді бақылау (жалаушаларды қолдану). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды, бұтақтарға қарап, желдің болғанын байқауға үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br>- Балалар, ағаштарға қарандаршы.<br>- Бұтақтары тербеліп тұр ма?<br>- Бұтақтарының тербелгені нені білдіреді?<br>- Иә, жел соғып тұр.<br>- Жарайсыңдар!<br>"Көктем тойын бастады".<br>Төнді балқып күн қызып,<br>Жылу алды көктен жер<br>Қардың астын су бұзып,<br>Есті жылы өкпек жел.<br>М. Жаманбалинов<br>- Балалар, ал қазір бір де жалаушаларды қолға ұстап, желдің | **Көлеңкені бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларға жерге түскен көлеңкелерін, олардың адамның қимылын қайталайтынын байқату, жағымды көңіл-күйге бөлену қабілетін дамыту.<br>Педагог балаларға алдарындағы жерге, көлеңкеге қарауды ұсынады, қимылдарды қайталап, көлеңкенің қимылына көңіл аударады.<br>- Балалар, қарандаршы, бұл біздің көлеңкеміз.<br>- Менің соңынман қайталап көріңдер.<br>Тұрсақ - тұрады,<br>Отырсақ - отырады,<br>Қолмен бұлғасақ - бұлғайды,<br>Соңымыздан қалмайды.<br>Д. Ахметова.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды құмның бетін ағаштан түсіп қалған ұсақ қоқыстардан | **Бұлттарды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды көк аспанда ақ бұлттарды бақылауға машықтандыру; бұлттардың ақ мамықтарға және тағы баска бейнелерге ұқсайтындарына көңіл аудару.<br>"Аспанда".<br>Бір бұлт шықты бие болып,<br>Бір бұлт шықты түйе болып,<br>Бір бұлт шықты шошқа болып,<br>Бір бұлт шықты қошқар болып.<br>Қ. Мырзалиев.<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары**: балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалықты |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Құлыншақтар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды құлыншақтардың қимылдарына еліктеуге машықтандыру; белгі бойынша жан-жаққа бағыттау немесе бір жерге топтасып жиналу дағдыларын қалыптастыру; бір-біріне соғылмай жүгіруге үйрету; жағымды эмоцияларға бөленуге тәрбиелеу.<br>Педагог балаларға құлыншақтың суретімен қалташаларды үлестіреді.<br>- Балалар, бүгін біз құлыншақтай қимылдайықшы.<br>- Құлыншақ шабады. Қарандаршы.<br>Педагог құлыншақтың қимылдарын көрсетеді, балалар қайталайды. | бетін ағаштан түсіп қалған ұсақ қоқыстардан тазалауға шақыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; тазалық әдетін дамыту.<br>**"Біз көңілді баламыз" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды белгілі жаттығуларға еліктей білуге машықтандыру, жаттығулардан жағымды әсер алуға ынталандыру.<br>- Біз көңілді балалармыз,<br>Қатар-қатармен тұрамыз,<br>Көтереміз иықты,<br>Бақылаймыз жан-жақты.<br>Жүріп, жүріп асықпай,<br>Тез өсеміз, алақай! | болғанын бақылаймыз.<br>- Қалай? Жалаушаларың желбіреп тұр ма?<br>- Мінеки, жел соғып тұр. Жарайсыңдар!<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. **(еңбек дағдылары)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалықты сақтауға деген қызығушылықты арттыру; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**Жалаушалармен ойын. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды көркем сөзді тыңдап, ырғағына сай жалаушаларды ұстап қимылдауға үйрету, соңғы "жалауша" сөздерін белгі ретінде | тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; тазалық әдетін дамыту.<br>**"Біз көңілді баламыз" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды белгілі жаттығуларға еліктей білуге машықтандыру, жаттығулардан жағымды әсер алуға ынталандыру.<br>- Біз көңілді балалармыз,<br>Қатар-қатармен тұрамыз,<br>Көтереміз иықты,<br>Бақылаймыз жан-жақты.<br>Жүріп, жүріп асықпай,<br>Тез өсеміз, алақай!<br>**"Өз орныңды тап" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды сапқа (түзу сызық, жіп бойына) сигнал бойынша тізілуге, сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге дағдыландыру; | сақтауға деген қызығушылықты арттыру; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Бірге жүріп, ойнаймыз" шеңбер ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды шеңберге тұрып қимылдар жасауға, жан-жаққа шашылып, қайта шеңберге жиналу дағдыларын қалыптастыру;<br>- Кел, балалар, тоқтамай,<br>Жиналайық ортаға.<br>Шеңбер болып, кеңейіп,<br>Қолды қолға жалғайық.<br>Жаттығулар жасаймыз,<br>Бірге жүріп, ойнаймыз.<br>- Ал, балалар, біраз барып ойнап келейік.<br>- "Балалар, жиналайық!" деген кезде қайта шеңберді құра қаламыз. ойын екі рет өткізіледі.<br>**"Допты қағып ал" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды допты екі қолмен ұстауға жаттықтыру; тепе-теңдікті сақтауға, ептілікке баулу. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | - Жарайсыңдар!<br>- Ал енді менің соңымнан тақпақты қайталап, құлыншақтай шауып көрейік.<br>**"Құлыншақ".**<br>- Құлын, құлын, құлыншақ,<br>Желкілдейді тұлымшақ.<br>Маңдайында жұлдызы,<br>Құйрығында құндызы.<br>М. Жаманбалинов<br>**"Шеңберден шықпа" жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұрып, шеңбердің бойымен қимылдауға баулу; кеңістікті бағдарлауға, мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу. | **"Өз орныңды тап" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды сапқа (түзу сызық, жіп бойына) сигнал бойынша тізілуге, сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге дағдыландыру; зейінді болуға, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу. | қабылдап, қосылып айтып, қолдарды көтеріп, жоғарыда бұлғауға ынталандыру.<br>"Жалауша".<br>Педагог көркем сөзді оқи жүріп, балаларға жалаушалармен қимылдарды көрсетеді. Жаттығуды ұйымдастырғанда балалардың бір-бірінен алшақ тұрғанын бақылау керек.<br>- Не деген тамаша!<br>Қолымда таяқша,<br>Көк, жібектей, мата,<br>Желбіреген жалауша!<br>Д. Ахметова<br>**"Әткеншек" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер.: балаларды шеңберге тұрып, тақпақ сөздеріне сай қимылдай білу қабілетін қалыптастыру.<br>Бір жоғары, бір төмен,<br>Күні бойы тербелем.<br>Әткеншек-ау, әткеншек,<br>Айнала бер бізбенен. | зейінді болуға, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу. |

| | |
|---|---|
| **Серуеннен оралу** | **Серуеннен кейін беті-қолды сумен тазалап жуу дағдысын бекіту.**<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақста-міндеттер. Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемеу, үстел басында дұрыс отыру.<br>*Көркем сөз*<br>Қомағай қоңыр аю,<br>Нанды шашып жеп отыр.<br>Түсінбедік бір сөзін,<br>Аузы нанға толып тұр.<br>Сөйлемей іш тамақты,<br>тарсылдатпа табақты.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау. |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | **Ұйқыашар жаттығулары.**<br>Керует жанындағы жаттығулар<br>"Құстар"<br>1. "Құстар оянды". Б.қ.: аяқты сәл алшақ қою. Қолдарды жан-жаққа созу, былғау – «құстар қанат қағып жатыр».<br>2. "Құстар достарын шақырып жатыр". Б.қ.: тұрып, қол белде, аяқ сәл алшақ. Оң жаққа, сол жаққа бұрылу, «Шиық-шиық» деп айту.<br>3. "Құстар жем шұқып жатыр". Б.қ.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол төменде. Отыру, саусақпен еденді соғу, бастапқы қалыпқа келу.<br>4. "Құстар көңілденіп жатыр". Б.қ.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол түсірілген. Жүріспен кезектесіп, бір орында секіру.<br>**(дене шынықтыру)** |
| **Бесін ас** | **"Қолды қалай дұрыс жуу керек».**<br>Сабынды қалай дұрыс ұстау, қолды сабындау, оны сүрту керектігін түсіндіру.<br>Тәрбиеші қолды не үшін жуу керектігі жайлы сұрақ қояды. Кейін шараның орындалу ретін айтады, түсіндірме жасай отырып көрсету: Алдымен сабынның жан-жағын сипалаймыз, кейін оны сабын салғышқа салып алақанымызды сипаймыз — бірі екіншісін, енді саусақтарды айқастырып "кірпі" жасаймыз. Артынан қолды қалай сүрту керектігін көрсету. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Мен түлкімін, түлкімін" аз қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттер. Балаларды жүргізушінің сөздерін мұқият тыңдап, аланда еркін қимылдап, белгі бойынша өз орындарына жылдам өтуге жаттықтыру; зейінді, ойлау қабілетін дамыту; шапшаңдыққа, зеректікке тәрбиелеу. Шарты: педагог түлкі болып ойнайды, балалар ойыншылар болады; "түлкінің" сөздері аяқталған кезде балалар орындықтарға тезірек өтеді. Педагог қауіпсіздікті сақтау мақсатында балаларды асықтырмайды. Ойын балалардың өз орындарына өтіп, тыныштaлуына, өзін-өзі басқаруына ықпал етеді. | **Сурет салудан ойын-жаттығу** "Әуедегі шарлар". Мақсат-міндеттер. Балаларды тігінен орналасқан қағаз бетіне бірнеше дөңгелек немесе сопақша "шар" салуға үйрету; геометриялық пішіндердің біріне ұқсайтын кескінді салуға жаттықтыру: қағаз бетіне қойылған нүктеден қарындашты алмай, шеңбер жасап, қайта бастапқы нүктеге қосуға дағдыландыру; "шар" бейнелерін "жіп" сызықтарымен толықтыруды көрсету; мерекелерді безендіру рәсіміне көңіл аудару. | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Түлкі мен қоян" ертегісі. Мақсат-міндеттер. Балаларды ертегі мазмұнымен таныстыра отырып, ертегі мазмұны бойынша эмоционалды жауаптар қайтаруға талпындыру; шығарма мазмұнын мұқият тыңдап, кейіпкердің сөздерін есте сақтау қабілетін дамыту; үй жануарлары мен жабайы аңдар тіршілігіндегі айырмашылықтар туралы түсінік беру. | **"Дастарханды жаямыз" дамытушы ойыны.** Мақсат-міндеттер. Балаларды ыдыстар мен құралдарды бірыңғай түстер арқылы топтастыруға дағдыландыру; ыдыстарды адамның алдына қалай орналастыратынын түсіндіру; қолдың ұсақ моторикасын, қабылдау, ойлау қабілеттерін дамыту. Құралдар: қатпа қағаздардан қиылған бокал (кесе), қасық, табақшалардың түрлі-түсті кескіндерінің жинақтамалары. Шарты: әрбір бала өзіне ұнайтын бірыңғай түске боялған кескіндерді бір топқа жинайды, әр ыдыстың және құралдың кескінін үстел бетіне дұрыс орналастырады: алдына табақшаны, табақшадан жоғары қарай бокалды, қасықты | **Құрастырудан ойын-жаттығу** "Гараж". Мақсат-міндеттер. Балалардың құрылыс материалдарының қасиеттерін қабылдай отырып, кеңістікте бағдарлау мүмкіндіктерін арттыру; қолдың ұсақ моторикасы мен байқағыштығын, зейінін, ақыл-ойын дамыту. Балалардың құрылыс материалдарына деген қызығушылықтарын арттыру; ұйымдастырылған іс-әрекетіне ұқыптылық пен төзімділікке тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | - Балалар, мен түлкі болайын. Мен сендерге әдемі ән айтып, алаңға серуенге шақырамын. Мен ән айтқанды тоқтатқанда өз орындарыңа барып, тез отыра қаласыңдар. Орындарыңа отырмасаңдар, мен орынды басып аламын. Бастайық.<br>- Мен түлкімін, түлкімін,<br>Құлықпен өтер күнім.<br>Қаласам алдай саламын,<br>Орынды басып аламын.<br>Д. Ахметова<br>Педагог сөздерді әндетіп айтып жүруі керек.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | | | табақшаның оң (сол) жағына. Ойынның нәтижесінде әрбір баланың алдында түсі тек қызыл (көк, жасыл, сары) ыдыс-құралдар жинағы болады.<br>Педагог мысық ойыншығын көрсетіп, балалардан мысыққа көмектесулерін сұрайды.<br>- Сарғыш Марғау қонақжай, үйі оның тап-таза,<br>Сөрелерде ыдыстар, тартпаларда қасықтар.<br>Тап-таза ағаш еден, жайылған теп-тегіс кілем.<br>Гүлдер терезе алдында, өсіп тұр жайқала.<br>Әркімге тәтті тамақ: жаңғақ, қуырдақ, жапырақ.<br>Кел, қонағым, үйіме: тиын, күшіктер, кожек.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Жаңбыр жауғанда" фонемо-ырғақ жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды сөздердің | **Музыкадан ойын-жаттығу**<br>"Бесік жыры".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Педагог балалардың ән | **Достық туралы мақал-мәтелдермен таныстыру. Мақал-мәтелдерді үйрету.**<br>1. Досы көпті жау | **«Достық ережесі» дидактикалық сөздік ойын.**<br>Шарты: педагог достық ережесін айтады. | **"Допты қуалап ұста!" қимылды ойыны.**<br>Педагогтің қолында себетке салынған доптар. "Хоп!" деген белгімен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру.<br>Жау, жау жаңбыр<br>Жау жаңбыр!<br>Арық суы мол болсын!<br>Өсімдіктер мол болсын!<br>Жауған жерін шөп болсын!<br><br>Тырс-тырс! Тырс-тырс! (Бір аяқпен секіру)<br>Тарс-тұрс! Тарс-тұрс! (Екінші аяқпен секіру)<br>Шылп-шылп! Шылп-шылп! (Екі аяқпен секіру) | айту кезінде орындықта дұрыс отыру қалыптарын қадағалайды. Ән айтуда балалар тез шаршап қалмас үшін дұрыс тыныс алу техникасын жетілдіру үшін дауыстық аппаратқа арналған қысқа және ұзақ демді алу жаттығуын жасатады. Бұл жаттығулар баланың дыбыстық аппаратын жетілдіріп, ән айту кезінде еркін дем алып, дем шығаруына жағдай жасайды. | алмайды.<br>2. Ағаш тамырымен мықты,<br>Адам достарымен мықты.<br>3. Жүз теңген болғанша,<br>Жүз досың болсын!<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | Балалар «Иә не жоқ» деп жауап береді.<br>1. Достарға ойыншыққа таласуға болады (Жоқ!)<br>2. Достар тату ойнайды. (Иә!)<br>3. Достар бір-бірін ренжітеді. (Жоқ!)<br>4. Достар бір-бірін күтіп, кезек береді. (Иә!)<br>5. Достар бір-бірін мазақтайды. (Жоқ!)<br>Педагог топтағы балалардың арасындағы ахуалды үнемі бақылап жүреді. Өзіне балалар арасындағы бар мәселелерді түртіп алып, сол проблемалық мәселелерді алдын ала ойластырып, ойын барысында қосуға кеңес беріледі.<br>Мәселен, топта балаларды тістейтін немесе рұқсатсыз затын алып алатын балалар болса, онда келесі ережені де қосуға болады.<br>6. Достар бір-бірін тістей ме? (Жоқ!)<br>7. Достар бір-бірінің затын сұраусыз ала ма? | педагог доптарды еденге домалатып жібереді. Балалар доптың артынана жүгіреді, әрбіреуі бір доптан алып себетке салады, педагог себетті баланың жоғары көтерген қолының деңгейінде ұстайды және балалар өз орындарына барады. Тапсырманы әр бала 2-3 реттен орындайды. |

| | | |
|---|---|---|
| | | (Жоқ!)<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** |
| **Кешкі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақста-міндеттер. Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемеу, үстел басында дұрыс отыру.<br>*Көркем сөз*<br>Қомағай қоңыр аю,<br>Нанды шашып жеп отыр.<br>Түсінбедік бір сөзін,<br>Аузы нанға толып тұр.<br>Сөйлемей іш тамақты,<br>тарсылдатпа табақты.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | |
| **Серуенге дайындық** | **"Киім-кешектер мен аяқ киімді таза ұстау туралы".**<br>Мақсат-міндеттері: балаларда мәдени-гигиеналық дағдыларды, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастыру.<br>Киім-кешектер мен аяқ киімдерді таза ұстаудың маңыздылығы жайлы айту, «тиянақтылық», «ұқыптылық» түсініктерімен таныстыру, киімдегі олқылықты байқауды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | |
| **Серуен** | Түскі уақыттаға серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(дербес қимыл әрекеті)** | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Не істеді?». Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту.<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық, қыс тақырыбына байланысты әндер. **(музыка)**<br>Мақсат-міндеттер. Қимылдарды музыкалық аспаптармен (бубенмен, сылдырмақпен, маракаспен) орындау дағдысын дамыту. Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделе отырып, әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру. Балаларды кейбір музыкалық аспаптардың (барабан, бубен, сылдырмақ) таныстыру.<br>Өнер бұрышында қыс мезгілін бояу суреттерін бояту, аққала мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. **(шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу)** | |

| | |
|---|---|
| | Мақсат-міндеттер. Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жанына қою. Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстау, суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу. Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпен сүрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету. Балаларды бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қойып, құрастыруға, кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету.<br>Саусақ моторикасын дамытатын ойындар. **(сенсорика)**<br>Мақсат-міндеттер. Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру.<br>Табиғат бұрышын зерттеу, қоршаған ортамен таныстыруға арналған ойындар.<br>Мақсат-міндеттер. Дөрекілікке, сарандыққа теріс көзқарас қалыптастыру; басқа балалармен бірге, келісіп ойнауға, бір-біріне көмектесуге және жетістіктеріне, әдемі ойыншықтарға бірге қуануға баулу. «Дұрыс», «дұрыс емес», «қауіпті» түсініктерімен, серуенде және сумен,<br>құммен ойындарда қауіпсіздік ережелерімен (лас суды ішпеу, құмды шашпау, тастарды лақтырмау) таныстыру, өсімдіктер мен жануарларға сүйіспеншілік таныту және қамқорлық жасау. |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "Бала неге өзімшіл?", "Жомарт мінезді баланы қалай тәрбиелеуге болады?", "Тентектік пе, агрессивті мінез-құлық па?", "Гиперактивті мінез-құлықтың белгілері". |

Тексерілді әдіскер: Сабитова З.А. 22.01.24ж

Тәрбиешілер: Аремжанова Ж.Т

Сағдолина Г.С.

## ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: «Балауса Балғын» «бөбекжайы КМҚК
Топ: «Жұлдызша» кіші жас тобы
Балалардың жасы: 2 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі: 29.04 - 03.05.2024ж.

| Апта күндері | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Әңгімелесу: "Тұйық мінезді болу кемшілік пе?", "Баланың үрейлері", "Баланың мінезі және темпераменті". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Үстел ойындары сөресінің шаңын сүртуге ынталандыру, ойыншықтармен тазалықта ойнау туралы түсіндіру; ойыннан кейін ойыншықтарды сөреге тізімдеп қоюға, ұсақ бөлшектерді өз қораптарына сала | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарды өз еркімен алып, өзге баламен бөліспі, алмасуға ынталандыру; ойын әрекеттерін жасауды қадағалау; ойнап болғаннан кейін ойыншықты өз орнына жинау әдебін бекіту, мақтау; | | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, қысуды қадағалау; өз орамалын тауып, сүртіп, орнына іле білуге дағдыландыру; қолының тазағылын байқауға ынталандыру, | **"Еңбекке баулу"** Мақсат-міндеттер. Балаларға табиғат бұрышындағы өсімдіктерді суару не үшін қажет екенін айтқызу; балалардың суқұйғышты ұстап, өздігінен суаруын қадағалау; өсімдіктердің гүлдегенін байқату. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | білуге дағдыландыру; әрекеттердің барысын қадағалау, мақтау. | ойнамау себебін айтуға үйрету ("ойнап болдым"). | | мақтау. | |
| | **Ритмикалық жаттығу**<br>Мереке күні шар үрлеп (сап түзеп, бір орында жүру),<br>Шығамыз ұстап көшеге (қолдарды жоғары сермеу).<br>Шапалақтап, айналып (шапалақтау, айналу),<br>Былай-былай би билеп (бас пен денені оңға-солға шайқау).<br>Қимылдарды ырғақты, темпі орташа көңілді әуені жазбасына сай орындау.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | **Саусақ жаттығуы. "Біз текшені жинаймыз".**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды текшелермен ойнар алдында саусақтарын жаттықтыруға ынталандыру; қолдардың ұсақ моторикасын, ойлау қабілеттерін дамыту; достыққа тәрбиелеу.<br><br>Біз текшені жинаймыз,<br>Мұнараны құраймыз:<br>Жұдырыққа жұдырық<br>Қоямыз, санаймыз.<br>Бір, екі, үш, төрт,<br>Бір, екі, үш, төрт, | | **«Пирамиданы жинайық» дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды пирамиданы құрастыра білуге баулу: сақиналарды алып тастау және қайтадан жинау.<br>Балаларды бір затты екінші заттың үстіне қою арқылы бірдей көлемдегі заттарды табуға үйрету.<br>Құрал-жабдықтар: бес сақиналы пирамидалар<br>балаларға пирамиданы көрсетеді, олар оны | **"Мозаика" үстел ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың көзбен қабылдау, есте сақтау, ойлау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Шарты: геометриялық пішіндерден салынған, педагог көрсеткен, қарапайым өрнек кілемшесін салу, педагог көрсеткен үлгіге қарап, мозаика өрнегін құрастыру.<br>Құралдар: шаршы пішінді қатпа қағаздан жасалған кілемшелер, табақшаларда геометриялық пішіндердің жинақтамалары.<br>Педагог баладан қандай пішіндерді қолданғанын сұрастыра алады.<br>**(сенсорика)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Жұдырыққа жұдырық,<br>Бикке қалаймыз.<br>Д. Ахметова<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | | тексереді. Содан кейін педагог өзінің іс-әрекетін мына сөздермен сүйемелдей отырып, сақиналарды пирамидадан алып тастайды: «Пирамида болды, сақиналар алынып тасталды - біз сақиналарды таяқшаға қоямыз! Содан кейін ол қайтадан пирамиданы бөлшектейді және жинайды. Осыдан кейін ол балаларға бәрін өз бетімен жасауды ұсынады.<br>**(сенсорика)** | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>"Қайырлы күн бәріңе!" балалар қолдарын жоғары көтеріп, иіліп амандасады<br>1."Саусақтарым сәлем дейді бәріңе" – екі алақанды жайып, ашып-жұму (3-4 рет қайталау);<br>2."Қайырлы күн деп, күлімдейді көздерім", көздерін сипап, кірпіктерін қағып, күлімдеу;<br>3."Қайырлы таң, жаңалық бар деп құлағым", құлақтарын сипап, басын екі жаққа кезек иеді.<br>4."Қайырлы таң дейді менің қолдарым!" – деп, кол білезіктерін айналдырады; | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 5."Қайырлы таң дейді менің денем де!" – деп, денесін қозғайды (3-4 рет қайталау);<br>6. "Қайырлы таң дейді менің аяғым!" – деп, екі аяғын кезек-кезек алға қояды (3-4 рет қайталау);<br>Бірінің артынан бірі жай жүріп, ""Тамаша, тамаша, бір, екі деп санаса"" деп айта жүріп, орындықтарға жайғасады.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Макста-міндеттер. Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемеу, үстел басында дұрыс отыру.<br>*Көркем сөз*<br>Біз қонаққа барамыз (сап түзеп жүру),<br>Қолды сумен жуамыз (алақандарды тік ұстап, бүгу),<br>Сабын салып, жу, жу (алақандарды бір-біріне тигізіп, ысқылау).<br>Алақан су, су (саусақтарды қозғау),<br>Сүлгі алып, сүртеміз (алақандарды үйкелеу),<br>Тазалықты сақтаймыз (шапалақтау).<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.<br>- Қатар-қатарға тұрайық,<br>Марш басайық!<br>Марш басайық!<br>Міне, қандай балалар!<br>Марш басады сарбаздар!<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі**<br><br>**бойынша ұйымдастырылған іс-** | **Дене шынықтыру**<br>"Спорт – өнер".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды гимнастикалық | **Дене шынықтыру**<br>"Біз жас ұланбыз".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды сапқа тұрғызып, бірінің | | **Сенсорикадан ойын-жаттығу**<br>"Әдемі кілем".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды салт- | **Сенсорикадан ойын-жаттығу**<br>"Қорапшадағы мерекелік кәмпиттер".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **әрекет** | тақтайдың үстімен жүріп келе жатып, биктен секіру жаттығуына үйрету; гимнастикалық тақтайдың үстімен бірінің артынан бірі жүріп, биктен секіру қимылының техникасын жақсы меңгеруге және биктен секіру кезінде қол, аяқ үйлесімділігі мен қауіпсіздік ережесін сақтай білуге дағдыландыру. | артынан бірін жеңіл, салтанатты адыммен жүргізу; еңіс тақтайдың үстімен жоғары және төмен жүру техникасын жетілдіру; еңіс тақтайдың үстімен жоғары және төмен жүру кезінде дене тепе-теңдігін сақтауда епті, жылдам, шапшаң болуға тәрбиелеу. | | дәстүр ерекшеліктерімен таныстыра отырып, оқу қызметінде орындалатын біркелкі заттарды ортақ сенсорлық сипаттары мен көлеміне және түсіне сәйкестендіру қабілеттеріне үйрету; геометриялық денелер мен пішіндердің ортақ қасиеттерін байқап, атауға дағдыландыру; көлем туралы қысқаша түсінік беру. | әртүрлі заттардың көлемі бойынша екі топқа бөліп, сәйкестендіруге және біріктіруге үйрету; заттарды сенсорлық сипаттарға сай салыстырып, жаттығулар арқылы қабылдай білу қабілеттерін арттыру; бейбітшілік туралы қысқаша түсінік беру. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Бұлтты аспанды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем** | **Желді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | | **"Дөңгелек салынған суреттерді бақылау". (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту** | **Ауладағы құстарды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** Мақсат-міндеттер. Балаларды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға бұлтты күн райы туралы ұғымдар беру, аспанның түсі көгілдір емес, сұр екенін байқату, бұлттардың сұр болса, жаңбыр жауыны болуы мүмкіндігі туралы байқату.<br>*"Туған елдің көктемі".*<br>Маржан жаңбыр<br>Жауды да бір<br>Кемпірқосақ керілді.<br>Жарқ етті де, аунады қыр,<br>Ырзық дәні себілді.<br>Ш. Мәмбетов<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы құмнан тазалауға | Мақсат-міндеттер. Балаларды жапырақтардың желде шайқалғанын көріп, құбылыстың болғанын байқауға үйрету; зеректікке, байқағыштыққа тәрбиелеу.<br>- Жел бізбен ойнамақ,<br>Оңға, солға жасырынбақ.<br>Жапырақтар да ойнайды,<br>Күннің көзіне жылтыңдайды.<br>Д. Ахметова<br>- Балалар, қанекей, жапырақтарға қарайықшы, жел қайда жасырынып жүр?<br>- Иә, жел жапырақтарды шайқап, бізбен ойнап жүр.<br>**Еңбекке баулу** | | **және көркем әдебиет)**<br>*"Күлімдеген дөңгелектер".*<br>Дөңгелектер, дөңгелектер,<br>Түрлі күлімдеген беттер.<br>Міне, Дананың беті,<br>Міне, Аланның беті,<br>Міне – күлімдеген мен,<br>Міне, күлімдеген сен.<br>Д. Ахметова<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды сұхбатхананы тазалауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Құмалақтар"** | аулада, учаскеде ағаштарға ұшып-қонған құстарды байқауға, олардың қимылдарын анықтауға үйрету.<br>- Балалар-ау, балалар!<br>Шақырады кең дала.<br>Көктем келді гүл алып,<br>Құстар келді жыр алып.<br>Қос білекті сыбанып,<br>Жүгірейік қуанып.<br>Ө.Тұрманжанов<br>**Еңбекке баулу тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалықты сақтауға деген қызығушылықты арттыру; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Балапандар" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды ойын барысында айтылатын сөздердің мәніне, ырғағына |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**"Күн мен жаңбыр" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың "күн" және "жаңбыр" сигналды сөздер арқылы қимылдай білу қабілеттерін дамыту; жаңбыр құбылысы туралы білімдерін қалыптастыру.<br>- Күн шықты – балалар ойнады.<br>- Күн тығылды – | **тапсырмалары:** балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалықты сақтауға деген қызығушылықты арттыру; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**"Аралар" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың жан-жаққа белгі бойынша жүгіре білу, кеңістікті бағдарлау қабілеттерін дамыту; аралардың ұшқанына еліктеп, жағымды эмоцияларға бөленуге | | **қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды бір топтасқан жерден белгі бойынша жан-жаққа шашырап бағыттай білу дағдыларын жетілдіру.<br>- Табақшада жатты құмалақтар,<br>Барлығы бірдей, доп-домалақтар.<br>Марғау құмалақтарды шашты,<br>Құмалақтар жан-жаққа домалаңдап қашты.<br>**"Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда нысанаға (допты) дәлдеп ата білу, ептілік, мергенділік қабілеттерін дамыту. | сай қимылдауға үйрету, белгі бойынша белгілі жерге жиналу дағдыларын жетілдіру.<br>– Балалар, сендер "балапан" боласыңдар. Балапандар тауық қорада отырады.<br>– Балапандарым, шығыңдар аулаға!<br>Өзіне қарай ойын алаңына шақыру.<br>– Балапандар аулада аяқтарын жоғары көтеріп, жүреді. Қалай жүреді? Көрсетіңдерші. Қанаттарын қағып, жүгіреді. Қалай қағады? Көрсетіңдерші. Бидайды жерден былай шоқиды: "тоқ-тоқ-тоқ". Қанаттарын қағып, жүгіреді. Жарайсыңдар. Қимылдарды қосылып, көрсетіп жүру.<br>– Балапандар! Әне, үлкен құс ұшып келеді! Жүгіріңдер қораға!<br>Шақырулар айтылып жатқанда дауысты |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жанбыр жауды.<br>**"Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру. | ынталандыру, достыққа тәрбиелеу.<br>(аюдың рөлін де орындау) балалармен бірге жүріп, белгілі сөздерді айтқаннан кейін, дауысын біраз қаттырақ шығарады, балалар жан-жаққа қашып жатады.<br>- Аю маймандап келеді,<br>Балды алғысы келеді.<br>Ай-ай-ай, аю, байқа!<br>Аралар жан-жақта!<br>"Жу-у! Жу-у!" - деп ұшады,<br>Мұрынды шағады.<br>**"Аюдың орманында" қимылды жаттығу.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың бір-біріне қақтығысып қалмай, аяқтарды кең қалыпта ұстап, жүгіре білу қабілетін қалыптастыру. | | | ақырындату керек, сонда балалар бір-біріне соғылмай, өз орындарын тауып, отыратын болады.<br>**"Көлшіктен өт" қимылды жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бір орнынан ұзындыққа екі аяқпен алға секіре білу қабілетін қалыптастыру; тепе-теңдік, ептілік, көзбен мөлшерлеу сезімдерін дамыту. |

| | |
|---|---|
| **Серуеннен оралу** | **Серуеннен кейін беті-қолды сумен тазалап жуу дағдысын бекіту.**<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақста-міндеттер. Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемеу, үстел басында дұрыс отыру.<br>*Көркем сөз*<br>Біз қонаққа барамыз (сап түзеп жүру),<br>Қолды сумен жуамыз (алақандарды тік ұстап, бүгу),<br>Сабын салып, жу, жу (алақандарды бір-біріне тигізіп, ысқылау).<br>Алақан су, су (саусақтарды қозғау),<br>Сүлгі алып, сүртеміз (алақандарды үйкелеу),<br>Тазалықты сақтаймыз (шапалақтау).<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау. |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | **Ұйқыашар жаттығулары.**<br>Керует жанындағы жаттығулар<br>"Құстар"<br>1. "Құстар оянды". Б.қ.: аяқты сәл алшақ қою. Қолдарды жан-жаққа созу, былғау – «құстар қанат қағып жатыр».<br>2. "Құстар достарын шақырып жатыр". Б.қ.: тұрып, қол белде, аяқ сәл алшақ. Оң жаққа, сол жаққа бұрылу, «Шиық-шиық» деп айту.<br>3. "Құстар жем шұқып жатыр". Б.қ.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол төменде. Отыру, саусақпен еденді соғу, бастапқы қалыпқа келу.<br>4. "Құстар көңілденіп жатыр". Б.қ.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол түсірілген. Жүріспен кезектесіп, бір орында секіру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас** | **"Қолды қалай дұрыс жуу керек».**<br>Сабынды қалай дұрыс ұстау, қолды сабындау, оны сүрту керектігін түсіндіру.<br>Тәрбиеші қолды не үшін жуу керектігі жайлы сұрақ қояды. Кейін шараның орындалу ретін айтады, түсіндірме жасай отырып көрсету: Алдымен сабынның жан-жағын сипалаймыз, кейін оны сабын салғышқа салып алақанымызды сипаймыз — бірі екіншісін, енді саусақтарды айқастырып "кірпі" жасаймыз. Артынан қолды қалай сүрту керектігін көрсету.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"Аспаптар қалай дыбыстайды?"<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға аспап түрлері туралы түсінік беру; кейіпкермен қатынас орнатуда қаратпа сөз бен етістіктен тұратын сөз тіркесі арқылы аспаптардың дыбыс ерекшеліктерін айтып отыруға жаттықтыру; аспаптарды сыртқы | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Отшашулар (Салют)".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға қағаз бетіне түрлі түсті борлармен (қара түсті қоспау) ұзын және қысқа сызықтарды "отшашуларды", "сәулелерді" салуды үйрету; мерекелік отшашуларды педагогтың көрсетуімен және өз елестетуі бойынша салуға жаттықтыру; | | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Қызғалдақ".<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың алғашқы гүлі, қызғалдақпен таныстыру; көктемнің табиғи құбылыстары туралы түсініктерді қалыптастыру. | **Мүсіндеуден ойын-жаттығу**<br>"Мерекелік шелпектер".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды сазбалшықтың біртұтас бөлігін екіге бөліп, домалатып, илеп, шарларды алақандар арасына қысып, жалпақ пішін жасауға үйрету; мүсіндеу тәсілдеріне жаттықтыру; балаларға өз әрекеттерін белгілі жүйеге салуға дағдыландыру; қолдың ұсақ моторикасын, түс пен пішінді қабылдауын, тілі мен есте сақтауын дамыту; балаларды өздерінің еңбек нәтижелерін бағалауға және нан өнімдерін қастерлеуге тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бейнесі мен дыбысталу ерекшеліктеріне қарап, ажырата білуге дағдыландыру **Музыка** жетекші жоспары б/ша жүреді | мерекелерді атап өту және оны безендіру рәсімі туралы түсінік беру. | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Шарды үрлеп өсірейік" шеңбер ойыны.** Мақсат-міндеттер. Балаларды бірігіп шеңберді құру қабілетіне үйрету; ойын сөздерін бірге айтуға ынталандыру; тілін, жаттығуда жағымды әсерлерді алу қабілетін дамыту. Тәрбиеші балаларды жанына шақырады. - Шарды үрлеп көрейік (шеңберге тұру, қол ұстасу), Қол ұстасып, жүрейік. Ортадан артқа, артқа | **"Қандай пішіндер жасырынды?" дамытушы жаттығуы.** Мақсат-міндеттер. Балалардың түстерді, пішіндерді қабылдау, зейінін, ойлау қабілеттерін дамыту. Құралдар: түрлі-түсті, көлемдері бірдей, көрнекілік жеке геометриялық пішіндердің модельдері: үшбұрыш, дөңгелек, шаршы. - Балалар, пішіндер сендермен тығылмақ ойнайды. Қандай | | **"Ғажайып дорба" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер. Балаларды түрлі ойыншықтар мен заттарды атауға жаттықтыру, олардың жарылу қасиеті жөнінде ұғымдарын ұстап, сипап көру арқылы қалыптастыру. Шарты. Дорбада жатқан затқа (ойыншыққа) қарамай, ұстап-сипап танып, атап, ойынға алуға мүмкіндікті алу. | **"Сылдырмақ" тақпағын мәнерлеп оқу, қимылды жаттығуы.** Мақсат-міндеттер. Балалардың ырғақты есту, дыбыстық тіл мәдениетін дамыту; көркем сөзді айта тұрып, ойыншықпен қимылдау, қуанышқа бөлену қабілетін қалыптастыру. Тәрбиеші балаларға сылдырмақтарды таратып, еркін қимылдауға мүмкіндік береді. жолдардың ырғағына сай сылдырмақ туралы тақпақты мәнерлеп оқиды, балаларды бірге қосылып айтуға ынталандырады. Сылдырмақты соқпақ, Қолға алдық "тоқ-тақ". |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Шегіндік. Енді тоқта! Үлкен қылып үрледік (тоқтау),<br>Пах! Шарымыз жарылды!<br>(шапалақтап, сосын отыру)<br>Пшшшшшшш ...<br>(отырып жатқанда дыбыстар шығару)<br>Балалар педагог соңынан қимылдарды қайталап жүреді. "Пах" және "Пш" дегенді балаларға қайталатып айтқызу қажет . **Аянат, Мәдимен** жеке жұмыс жасау<br>**(сөйлеуді дамыту)** | пішіндер тығылғандарын айтайықшы.<br>кезегімен түстері бөлек екі немесе үш пішінді бір-бірінің артына жасырады. Балалар пішіндердің көрінген бұрыштары мен қырларына қарап, пішіндерді атайды.<br>**Асылым, Ажар,Назлымен** жеке жұмыс жасау **(сенсорика)** | | Құралдар: дорба, дорбаға салынған түрлі ойыншықтар мен заттар.<br>**Ерсұлтан, Мединамен** жеке жұмыс жасау<br>**(сенсорика, сөйлеуді дамыту)** | Жаңа жылды күттік, Тоқылдаттық "тук-тук". **Салауат,Заңғармен** жеке жұмыс жасау<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, музыка)** |
| **Кешкі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақста-міндеттер. Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемеу, үстел басында дұрыс отыру.<br>*Көркем сөз*<br>Біз қонаққа барамыз (сап түзеп жүру),<br>Қолды сумен жуамыз (алақандарды тік ұстап, бүгу), | | | | |

| | |
|---|---|
| | Сабын салып, жу, жу (алақандарды бір-біріне тигізіп, ысқылау).<br>Алақан су, су (саусақтарды қозғау),<br>Сүлгі алып, сүртеміз (алақандарды үйкелеу),<br>Тазалықты сақтаймыз (шапалақтау).<br>Д. Ахметова<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** |
| **Серуенге дайындық** | **"Киім-кешектер мен аяқ киімді таза ұстау туралы".**<br>Мақсат-міндеттері: балаларда мәдени-гигиеналық дағдыларды, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастыру. Киім-кешектер мен аяқ киімдерді таза ұстаудың маңыздылығы жайлы айту, «тиянақтылық», «ұқыптылық» түсініктерімен таныстыру, киімдегі олқылықты байқауды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** |
| **Серуен** | Түскі уақыттағы серуендегі бақылауды жалғастыру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>**"Күн мен жаңбыр" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың "күн" және "жаңбыр" сигналды сөздер арқылы қимылдай білу қабілеттерін дамыту; жаңбыр құбылысы туралы білімдерін қалыптастыру.<br>- Күн шықты – балалар ойнады.<br>- Күн тығылды – жаңбыр жауды.<br>**"Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы.**<br>Мақсат-міндеттер: алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру<br>**"Аралар" қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың жан-жаққа белгі бойынша жүгіре білу, кеңістікті бағдарлау қабілеттерін дамыту; аралардың ұшқанына еліктеп, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру, достыққа тәрбиелеу.<br>(аюдың рөлін де орындау) балалармен бірге жүріп, белгілі сөздерді айтқаннан кейін, дауысын біраз қаттырақ шығарады, балалар жан-жаққа қашып жатады.<br>- Аю маймандап келеді,<br>Балды алғысы келеді.<br>Ай-ай-ай, аю, байқа!<br>Аралар жан-жақта! |

| | |
|---|---|
| | "Жу-у! Жу-у!" - деп ұшады,<br>Мұрынды шағады. |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(дербес қимыл әрекеті)** |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту. Сөйлеу қарқынын, дауыстың жоғарылығы мен күшін ескеріп, дыбыстардың, сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аудара отырып, дауыс аппаратын дамыту, артикуляциялық гимнастика жасау.<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық, қыс тақырыбына байланысты әндер. **(музыка)**<br>Мақсат-міндеттер. Қазақ халқының ұлттық аспаптарының (асатаяқ, сырнай) дыбыстарымен таныстыру. Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделе отырып, әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру. Сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету арқылы ойынның бір эпизодынан келесіге өту және қимылдарды бере білу. |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: "Тұйық мінезді болу кемшілік пе?", "Баланың үрейлері", "Баланың мінезі және темпераменті". |

Тексерілді нұсқама беруші әдіскер: / [signature] / Сабитова. З.А 29.04.24ж

Тәрбиешілер:/ [signature] / Сағдолдина Г.С

/ [signature] / Аремжанова Ж.Т